ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаеватындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А. Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

Мұхамедьяр Нұржауған,
Дүйсегулова Изет,
Ерманова Данагул

ДИПОМДЫҚ ЖОБА

«Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау»

5В050800- Есеп және аудит

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А. Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
«Бизнес және менеджмент»
Кафедра меңгерушісі
PhD докторы, профессор
_____С.Н. Досова
«28» _____05_____2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау»

5В050800-Есеп және аудит

Орындаған:
Мұхамедьяр Нұржауған,
Дүйсегулова Изет,
Ерманова Данагүл

Пікір беруші
э.ғ.к., доцент
_____Файзуллина С.А.
«25» _____04_____2019 ж.

Ғылыми жетекші
э.ғ.к.,проф.ассистенті
_____Досаева А.Ж.
«22» _____04_____2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А. Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

5В050800- Есеп және аудит

БЕКІТЕМІН
«Бизнес және менеджмент»
Кафедра меңгерушісі
PhD докторы, профессор
_____С.Н. Досова
« 08 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Білім алушылар: Мұхамедьяр Нұржауған, Дүйсегулова Изет, Ерманова Данагүл

Тақырыбы: «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау»

Университет ректорының «*25» 09 2018ж № 1064-б* бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі *«20» сәуір 2019ж*
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

1) Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың теорилық аспектілері;
2) «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-ің қаржылық жағдайын талдау;
3)«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-ің қаржылық жағдайын бағалау және жетілдіру;

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
21 кесте, 8 сурет, 15 -жұмыс презентациясының слайды.
Ұсынылған негізгі әдебиет *барлығы 30 атау*

Диплом жобасын дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімі	Ескерту
1) Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың теориялық аспектілері	11.02.19	орындалды
2) «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-ің қаржылық жағдайын талдау	06.03.19	орындалды
3) «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-ің қаржылық жағдайын бағалау	10.04.19	орындалды

Аяқталған дипломдық жоба бөлімдеріне норма бақылаушының қойған қолтаңбасы

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (тегі, аты, әкесінің аты)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	А.С.Джайтуганова	26.04.19	

Ғылыми жетекшісі: _____ Досаева Алия Журкабайкызы

Тапсырманы орындаған білім алушылар: Мұхамедьяр Нұржауған, Дүйсегулова Изет, Ерманова Данагүл

Күні «22» _____04_____ 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

5В050800 – Есеп және аудит мамандығының студенттері Мұхамедьяр Нұржауған, Дүйсегулова Изет, Ерманова Данагүл
«Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау»
тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Қалыптасқан бәсекелестік жағдайында кәсіпорындармен сапалы және тиімді қызмет көрсету уақыт талабы болып табылады. Берілген мақсатты іске асыруда кәсіпорынның қаржылық қызметін талдау маңызды орын алады.

Көптеген отандық кәсіпорындар қаржылық қиындықтарды бастан кешуде. Талдау нәтижелері арқылы кәсіпорынның дамуының стратегиясы қалыптастырылады, ұйым қызметінде күшті және әлсіз жақтары қарастырылады, яғни кәсіпорынның тұрақтылық дәрежесі анықталады. Осыған байланысты уақытында жасалған қаржылық жағдай кәсіпорынға тиімді қызмет етуге мүмкіндік береді. Сондықтан қарастырылып отырған дипломдық жоба тақырыбы өзекті.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толығымен ашқан, өз бетінше логикалық аяқталған жұмыс деп айтуға тұрады.

Жобада «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-ің қаржылық жағдайына терең талдау мен бағалау жасалған.

Жұмыста кәсіпорынның қаржылық жағдайы, баланс құрылымы мен динамикасы, банкроттыққа ұшырау ықтималдылығы толық қарастырылған.

Қарастырылып отырған дипломдық жобаның мазмұны мен рәсімделуі бойынша ескертулер жоқ.

Тақырыптың өзектілігін, жұмыс мазмұны мен рәсімделуін, дипломанттың жұмысқа деген қарым-қатынасын ескере отырып, «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау» тақырыбына жазылған дипломдық жұмысты Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында қорғауға жіберуге болады және «өте жақсы» (95%) деп бағалауға болады

Пікір беруші
Э.ғ.к., «БжМ» кафедрасының проф.ассистенті
_____ Досаева А.Ж
«22» 04 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

5В050800 – Есеп жәнеаудит мамандығының студенттеріМұхамедьяр Нұржауған, Дүйсегулова Изет, Ерманова Данагул
«Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау» тақырыбына жазылғандипломдық жобасына

СЫН-ПІКІР

Әзірленген:
а) графикалық бөлімі 7 - парақ
б) түсіндірме жазбасы 45 - бетте

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ

Қаржылық жағдай ретінде кәсіпорынның өз қызметін қаржыландыру қабілеттілігі танылады. Ол қалыпты қызмет етуге қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілу дәрежесімен, қаражаттыорналастыру тиімділігін, төлемқабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығымен қарастырылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы өндірістік, коммерциялық және қаржылық қызмет нәтижелерге тәуелді болады. Егер өндірістік пен қаржылық жоспар табысты орындалатын болса, онда бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайына оң әсер етеді және керісінше.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толығымен ашқан, өзбетінше логикалық аяқталған жұмыс деп айтуға тұрады.

Жобада«ToyotaTsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-ің қаржылық жағдайына терең талдау мен бағалау жасалған.

Жұмыста кәсіпорынның қаржылық жағдайы, баланс құрылымы мен динамикасын, банкроттыққа ұшырау ықтималдылығы толық қарастырылған.

Қарастырылып отырған дипломдық жобаның мазмұны мен рәсімделуі бойынша ескертулер жоқ.

Жұмыс бағасы

“Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау” тақырыбына жазылған дипломдық жобаны мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында сәйкесінше қорғалған жағдайда «өте жақсы» (90%) деп бағалауға болады

Пікір беруші
э.ғ.к.,Туран университетінің “Есеп және аудит” кафедрасының доценті

_____
«25» 04 2019 ж.

А.ғ.к., доцент Сайдуллина С.А.

С.А. Сайдуллинаның қолын растаймын. «Тұран» университетінің ҚҚКБ бөлімінің бастығы Кибекова И.А
«___» _____ ж.

ҚазҰТЗУ 704-22 Y.Сын-пікір

Краткий отчет

Университет:	Satbayev University
Название:	Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау1.doc
Автор:	Мұхамедьяр Н., Дүйсегулова И., Ерманова Д.
Координатор:	Гульмира Муханова
Дата отчета:	2019-05-06 07:32:18
Коэффициент подобия № 1:	**4,4%**
Коэффициент подобия № 2:	**1,1%**
Длина фразы для коэффициента подобия № 2:	**25**
Количество слов:	11 404
Число знаков:	89 744
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок:	58

! **К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.**
Количество выделенных слов 5

>> **Самые длинные фрагменты, определеные, как подобные**

№	Название, имя автора или адрес гиперссылки *(Название базы данных)*	Автор	Количество одинаковых слов
1	«Повышение экономической и финансовой устойчивости предприятия по производству питьевой воды на примере ТОО «Хамир-Продукт»» *D. Serikbayev East Kazakhstan State Technical University (ОПиМУП)*	Кельгерун Л.Т. 14-БЭ-1	47
2	URL_ http://adilet.zan.kz/rus/docs/V100006452_		41
3	URL_ https://geci.cn.ua/work/465709/Analiz-prognozirovaniya-finansovyx-rezultatov		34
4	URL_ http://aziaavto.kz/sites/default/files/imce/report-2017.pdf		21
5	URL_ https://geci.cn.ua/work/465709/Analiz-prognozirovaniya-finansovyx-rezultatov		20
6	URL_ https://pro1c.kz/files/library/buh/2018-11-08-Fin-otchetnost/01_Byhgaltersk%C4%B1%C4%B1_balans_na_2019_god_(proekt).pdf		17
7	Документ из базы НЭУ 51d6961c-f36c-493f-a709-0728c0a80d1d.doc *NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)*	na	16
8	Инструментарий обеспечения экономической безопасности предприятия в рамках реализации стратегии его развития (на примере ТОО «Агро-Рем-Строй») *D. Serikbayev East Kazakhstan State Technical University (ОПиМУП)*	КОБЕНКО А.С. 16-ММЭ-2	16
9	МЕТОДИКИ РАСЧЕТОВ АМОРТИЗАЦИИ И ОБЕСЦЕНЕНИЯ ОСНОВНЫХ СРЕДСТВ, УЧЕТ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ.docx		15

	Kazakh University of Economics, Finance and International Trade (KUEFIT) (ФАКУЛЬТЕТ ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ)	Нурсеитов Диас Еркинович	
10	URL_ https://geci.cn.ua/work/465709/Analiz-prognozirovaniya-finansovyx-rezultatov		15

>> Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks i

Не обнаружено каких-либо заимствований

>> Документы,содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных

Не обнаружено каких-либо заимствований

>> Документы,содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Название *(Название базы данных)*	Автор	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	Инструментарий обеспечения экономической безопасности предприятия в рамках реализации стратегии его развития (на примере ТОО «Агро-Рем-Строй») *D. Serikbayev East Kazakhstan State Technical University (ОПиМУП)*	КОБЕНКО А.С. 16-ММЭ-2	88 (9)
2	**«Повышение экономической и финансовой устойчивости предприятия по производству питьевой воды на примере ТОО «Хамир-Продукт»» *D. Serikbayev East Kazakhstan State Technical University (ОПиМУП)***	**Кельгерун Л.Т. 14-БЭ-1**	**58 (2)**
3	МЕТОДИКИ РАСЧЕТОВ АМОРТИЗАЦИИ И ОБЕСЦЕНЕНИЯ ОСНОВНЫХ СРЕДСТВ, УЧЕТ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ.docx *Kazakh University of Economics, Finance and International Trade (KUEFIT) (ФАКУЛЬТЕТ ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ)*	Нурсеитов Диас Еркинович	36 (3)
4	Документ из базы НЭУ 51d6961c-f36c-493f-a709-0728c0a80d1d.doc *NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)*	na	23 (2)
5	Документ из базы НЭУ 51d3db9b-eb98-4a4c-895f-0730c0a80d1d.docx *NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)*	na	15 (2)
6	Документ из базы НЭУ 55f7d15f-ba4c-4f5c-b3d9-3b31c0a80d1d.doc *NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)*	na	13 (2)
7	Документ из базы НЭУ 51ceb823-1f78-41e1-93bc-0734c0a80d1d.docx *NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)*	na	9 (1)

>> Документы,содержащие подобные фрагменты: Из интернета

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Источник гиперссылки	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	**URL_ https://geci.cn.ua/work/465709/Analiz-prognozirovaniya-finansovyx-rezultatov**	**91 (6)**
2	URL_ http://aziaavto.kz/sites/default/files/imce/report-2017.pdf	42 (4)
3	**URL_ http://adilet.zan.kz/rus/docs/V100006452_**	**41 (1)**
4	URL_ https://pro1c.kz/files/library/buh/2018-11-08-Fin-otchetnost/01_Byhgaltersk%C4%B1%C4%B1_balans_na_2019_god_(proekt).pdf	38 (4)
5	URL_ https://www.bestreferat.ru/referat-145475.html	14 (1)
6	URL_ http://kk.convdocs.org/docs/index-159994.html?page=8	13 (1)
7	URL_ https://vuzlit.ru/83254/spisok_literatury	10 (1)
8	URL_ http://www.ulba.kz/ru/files/corporate5_04.doc	7 (1)
9	URL_ https://www.zharar.com/kz/kurs/19077-zhumys.html	6 (1)

Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Мұхамедьяр Н., Дүйсегулова И., Ерманова Д.

Название: Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау және бағалау1.doc

Координатор: Гульмира Муханова

Коэффициент подобия 1:4,4

Коэффициент подобия 2:1,1

Тревога:5

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

 обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
 обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
 обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

.....
.....
.....
.....
.....

08.05.2018 .....

Дата *Подпись заведующего кафедрой /*

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

К защите допускается

01.05.2019

Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Аңдатпа

Бұл дипломдық жобада «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС мысалында кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау мен бағалауды жүргізудің әдістемесі қарастырылады.

Бірінші тарауда кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың теориялық негіздері, яғни талдау жүргізуге қажетті ақпараттық көздеріне сипаттама беріліп, талдау мен бағалау әдістері қарастырылған еді.

Екінші тарауда компанияның қызметіне қысқаша сипаттама беріліп, мүлігіне және оның қалыптастыру көздеріне талдау жүргізілді. Сондай-ақ, компанияның қызметін бағалау үшін қаржылық коэффициенттер анықталды.

Үшінші тарауда компанияның банкроттыққа ұшырау ықтималдығы анықталды. SWOT талдау жасалынды. Нәтижесінде компанияның қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Аннотация

В данном диломном проекте рассматривается методика анализа и оценки финансового состояния предприятия на примере ТОО «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto».

Первая глава отражают теоретические основы анализа финансового состояния предприятия, а именно характеристику информационных источников необходимых для проведения анализа, методы анализа и оценки.

Во второй главе дана краткая характеристика деятельности компании, проведен анализ имущества и источников их формирования. А также для оценки деятельности компании проведен расчет финансовых показателей.

В третьей главе определена вероятность возникновения риска банкротства компании. Проведен SWOT анализ. В результате даны предложения по совершенствованию деятельности компании.

The summary

In this diploma project, the method of analysis and assessment of the financial condition of the enterprise on the example of Toyota Tsusho Kazakhstan Auto LLP is considered.

The first Chapter reflects the theoretical foundations of the analysis of the financial condition of the enterprise, namely the characteristics of information sources necessary for the analysis, methods of analysis and evaluation.

The second Chapter gives a brief description of the company's activities, an analysis of the property and the sources of their formation. As well as to assess the company's performance, financial indicators were calculated.

The third Chapter defines the probability of the risk of bankruptcy. SWOT analysis was performed. As a result, the proposals to improve the company's activities are given.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 1
1 Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау мен бағалаудың теориялық аспектілері 3
1.1 Кәсіпорынның қаржылық жағдайының түсінігі мен негіздері 3
1.2 Қаржылық жағдайды талдау мен бағалаудың ақпараттық базасы 4
1.3 Ұйымның қаржылық жағдайын талдау мен бағалау әдістері 8
2 «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-іңқаржылық жағдайын талдау 11
2.1 Кәсіпорынның технико-экономикалық сипаттамасы 11
2.2 «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС баланс құрылымы мен динамикасын талдау 14
2.3 Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау 20
3 «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қаржылық жағдайын бағалау және жетілдіру 29
3.1 Компанияның банкроттыққа ұшырау ықтималдығын бағалау 29
3.2 Кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсарту жолдары 33
Қорытынды 37
Қолданылған әдебиеттер тізімі 40
Қосымшалар 42

КІРІСПЕ

Дипломдық жобаның өзектілігі.Қалыптасқан бәсекелестік жағдайында кәсіпорындармен сапалы және тиімді қызмет көрсету уақыт талабы болып табылады. Берілген мақсатты іске асыруда кәсіпорынның қаржылық қызметін талдау маңызды орын алады. Талдау нәтижелері арқылы кәсіпорын дамуының стратегиясы мен тактикасы қалыптастырылады, қызмет тиімділігін жоғарларту резервтері айқындалады, кәсіпорын қызметінде күшті және әлсіз жақтары анықталады, банкроттыққа ұшырау ықтималдығы бағаланады, яғни кәсіпорынның тұрақтылық дәрежесі анықталады. Осыған байланысты уақытында істеленген қаржылық жағдай кәсіпорынға тиімді қызмет етуге мүмкіндік береді.

Көптеген отандық кәсіпорындар қаржылық қиындықтарды бастан кешуде. Кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі мен банкроттылығы сот қарауының пәні болатыны жиі кездесіп тұр. Басшылар алдында дағдарыс құбылыстарды алдын алу мен кәсіпорынның тұрақытылық жағдайын қамтамасыз ету міндеттері тұр.

Қаржылық қиындықтардың алдын алу үшін тек кәсіпорынның ғана емес, әлеуетті бәсекелестердің де қаржылық жағдайын нақты бағалау қажет. Қаржылық талдаудың нәтижелері басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін басшылыққа, меншік иелеріне, несиелік ұйымдарға керек.

Қаржылық талдаудың мақсаты тек кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау ғана емес, оның жағдайын жетілдіруге бағытталған жұмысты әрдайым жүргізу болып табылады. Қаржылық жағдайдың талдауы қандай нақты бағыттар бойынша жұмыс жасау керектігін көрсетеді. Осыған байланысты талдау нәтижелері белгілі кезең ішінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартудың маңызды тәсілдері қандай екеніне жауап береді.

Сонымен, кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау басқару шешімдерін қабылдау үшін, қаржылық жағдайды жақсарту бойынша шараларды құру үшін, табысты қызмет ету үшін және инвестицияларды тарту үшін негіз болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы бірнеше сипаттамаларға ие:

- біріншіден, қаржылық жағдай бұл уақыт бойынша капиталдың айналым процесінің сипаттамасы;
- екіншіден, қаржылық жағдай бұл кәсіпорынның қаражаттарын орналастыру сипаттамасы;
- үшіншіден, ол кәсіпорынның төлемқабілеттілігі, яғни шаруашылық қызметті қамтамасыз ету үшін ақша қаражаттардың жеткіліктігі немесе жеткіліксіздігі;
- төртіншіден, кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін айқындайтын кәсіпорынның экономикалық әлеуеттің бір бөлігі. Экономикалық әлеуеті – бұл кәсіпорынмен қойылған мақсаттарға жету қабілеттілігі;
- бесіншіден, қаржылық нарықта кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі, оның инвестициялық тартымдылығының сипаттамасы;
- алтыншыдан, кәсіпорынның қаржылық есептілік көрсеткіштердің жиынтығы [1].

Жобаның мақсаты: «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» компанияның қаржылық жағдайын талдау мен бағалау нәтижелері негізінде қызметті жетілдіру шараларын ұсыну.

Берілген мақсатқа жету үшін келесі *міндеттер* қойылған:

- қаржылық жағдайды талдаудың теориялық негіздерін қарастыру;
- «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС-тің экономикалық қызметін сипаттау;
- компанияның қаржылық есептілігі негізінде талдау жүргізу;
- компанияның қаржылық көрсеткіштерін бағалау;
- компанияның банктроттыққа ұшырау ықтималдығын анықтау;
- кәсіпорынның қызметін жетілдіру бойынша шараларды ұсыну.

Дипломдық жобаның *зерттеу объектісі* «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС, ал жобаның *зерттеу пәні* – компанияның қаржылық жағдайы болып табылады.

Мәселенің зерттеу аясы. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау мәселесімен көптеген отандық және шетелдік экономистер айналысты. Дюсембаев К. кәсіпорынның қаржылық есептілігін талдау тәсілдерін қарастырса, Савицкая Г., Шеремет А. Родионова В. ғалымдары шаруашылық қызметтің жалпы талдауына тоқталған еді.

*Жобаның ақпараттық көзі:*кәсіпорынның бухгалтерлік балансы, пайда мен зиян туралы есебі, капиталдың өзгеруі туралы есеп, заңнамалық актілер.

Жобаның әдістері: тігінен және көлденен талдау, салыстырмалы талдау, коэффициенттік талдау, SWOT талдау, Альтман әдісі, Таффлер-Тишоу әдісі, Беликов-Давыдова әдісі, т.б.

Жобаның маңыздылығы: алынған бағалау нәтижелері негізінде ұсынылған шараларды «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» компаниямен қаржылық жоспарлауда және қаржылық ресурстарды басқаруда қолдану мүмкіндігі.

Дипломдық жобаның құрылысы: кіріспе, үш бөлім, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалар.

Жобаның бірінші бөлімінде кәсіпорынның қаржылық жағдайды талдаудың теориялық негіздеріне тоқталған еді, яғни талдау жүргізудің ақпараттық көздері мен бағалау әдістері қарастырылды.

Екінші бөлімде «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қызметіне технико-экономикалық сипаттама беріліп, кәсіпорынның бухгалтерлік балансына талдау жүргізілді. Сондай-ақ компанияның қаржылық жағдайын талдау үшін қаржылық көрсеткіштер анықталды: өтімділік, іскерлік белсенділік, рентабельдік, қаржылық тұрақтылық.

Үшінші бөлімде компанияның банкроттық ұшырау ықтималдығы әртүрлі модельдер бойынша анықталды. Компанияның күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерін SWOT талдау арқылы анықталған еді. Компанияның әлсіз жағын жою үшін шаралар жиыны берілді. Жүргізілген талдау нәтижесінде компанияның қаржылық жағдайын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалынды.

1 КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Кәсіпорынның қаржылық жағдайының түсінігі мен негіздері

Қазіргі экономикалық әдебиеттерде кәсіпорынның қаржылық жағдайына әртүрлі жақтардан анықтамалар берілуі бірыңғай талдау әдістемесін анықтауға қиындық туғызады.

Қаржылық жағдай ретінде кәсіпорынның өз қызметін қаржыландыру қабілеттілігі танылады. Ол қалыпты қызмет етуге қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілу дәрежесімен, қаражатты орналастыру тиімділігімен, төлемқабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығымен сипатталады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы өндірістік, коммерциялық және қаржылық қызмет нәтижелерге тәуелді болады. Егер өндірістік пен қаржылық жоспар табысты орындалатын болса, онда бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайына оң әсер етеді және керісінше.

Балабанов И. пікірі бойынша «қаржылық жағдай – бұл кәсіпорынның қаржылық бәсеке қабілеттілік сипаттамасы, қаржылық ресурстарды және капиталды пайдалану, сондай-ақ мемлекет пен басқа шаруашылық субъектілер алдында өз міндеттемелерді орындау» [2].

Нарықтық экономика жағдайында табысты қызмет етіп, банкроттыққа ұшырамау үшін қаржыны қалай басқаруға және капитал құрылымы қандай болу керектігін, сонымен бірге өтімділік, төлемқабілеттілік, іскерлік белсенділік, рентабельдік көрсеткіштерін, яғни қаржылық жағдайын талдау әдістемесін білу қажет.

Қаржылық талдау әдістерін қарастыру алдында қаржылық талдау түсінігін қарастырып өтейік.

Ресей ғалымы Шеремет Д. айтуы бойынша «қаржылық талдау – бұл кәсіпорынның оперативті және инвестициялық қызметі үшін қаржылық ресурстарды пайдалану мен қаржылық механизмін тану әдісі» [3].

Ковалев В. пікірінше «Қаржылық талдау – бұл белгілі бір мақсаттарда қаржылық сипаттағы ақпаратты жинақтау, өңдеу және пайдалану тәсілі:

- кәсіпорынның ағымды және келешектегі қаржылық жағдайын бағалау;
- кәсіпорынның даму қарқының қаржымен қамтамасыз ету жағынан бағалау;
- қолжетімді қаржы көздерін анықтау және оларды мобилдеу мүмкіндігін бағалау;
- капитал нарығында кәсіпорынның жағдайын болжау»[1].

Қаржылық жағдайды талдау негізінде кәсіпорынның экономикалық әлеуеті жатыр. Экономикалық әлеует – бұл кәсіпорынның алдына қойған мақсаттарға бар материалдық, еңбек және қаржылық ресурстар арқылы жету қабілеттілігі.

Экономикалық әлеуеттің екі түрін ажыратады: мүліктік және қаржылық жағдай. Мүліктік жағдай кәсіпорын иеленетін және пайдаланылатын активтердің құрамымен және көлемімен сипатталады. Қаржылық жағдай есепті

кезең ішінде алған қаржылық нәтижелермен, сондай-ақ кейбір баланс баптары арасындағы қатынастармен анықталады.

Шеремет А. және Ионова А. қаржылық жағдайын бағалауға келесі анықтама береді: «белгілі мерзім жағдайы (тоқсан, жартыжыл, жыл) бойынша баланста айқындалған көрсеткіштердің жиынтығы» [4].

Сонымен, кәсіпорынның қаржылық жағдайы бұл кәсіпорынның қаражатының айналым үрдісінде пайда болатын қатынастар жүйесінің нәтижесі, яғни ресурстарды пайдалану тиімділігі мен міндеттемелерді орындау қабілеттілігі сипаттайды.

Қаржылық жағдайды талдаудың негізгі мақсаты әртүрлі басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін кәсіпорынның ішкі мәселелерін айқындау мен бағалау болып табылады [5].

Талдаудың негізгі міндеттері:

1) қаржылық қызметте кемшіліктерді уақытылы айқындау мен жою, кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның төлемқабілеттілігін жақсарту резервтерін іздеу;

2) шаруашылық қызметтің негізінде экономикалық рентабельдігі мен қаржылық нәтижелерді болжау, ресурстарды пайдаланудың әртүрлі нұсқалары бойынша қаржылық жағдайдың үлгілерін құру;

3) кәсіпорынның қажылық жағдайын тұрақтандыру мен қаржылық ресурстарды тиімдірек пайдалануға бағытталған нақты шараларды ұсыну.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен тұрақтылығын бағалау үшін көрсеткіштердің жүйесі қолданылады, олар:

- капиталдың бар болуы мен орналастырылуы, оның пайдаланудың тиімділігі мен қарқындылығы;
- кәсіпорын пассивтер құрылымының оңтайлығы, оның қаржылық тәуелсіздігі мен қаржылық активтің дәрежесі;
- кәсіпорын активтер құрылымының оңтайлығы және өндірістік активтің дәрежесі;
- айналым қаражаттардың құрылу көздерінің оңтайлы құрылымы;
- төлемқабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығы;
- шаруашылық субъектінің банкроттылығы;
- оның қаржылық тұрақтылық запасы.

1.2 Қаржылық жағдайын талдау мен бағалаудың ақпараттық базасы

Қазіргі таңда шаруашылық субъектінің жағдайын талдау басқарушылық және қаржылық талдауға бөлінеді. Осыған байланысты бухгалтерлік есеп жүйесі де басқарушылық және қаржылық есепке, ал есептілік – басқарушылық және қаржылық есептілікке бөлінеді (сурет 1). Басқарушылық есептілік үшінші тұлғалар үшін жабық ақпарат болса, қаржылық есептілік, керісінше, ашық басылымдарда шығатын сыртқы пайдаланушылар үшін кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен нәтижелері туралы ақпарат.

1-сурет - Кәсіпорынның есептілік түрлері
Ескерту - авторлар құрастырды[6] көзі негізінде

Енді кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау мен бағалауға мүмкіндік беретін қаржылық есептіліктің нысандарын қарастырып өтейік.

Нарықтық экономика жағдайында қаржылық талдауды ақпараттық қамтамасыз ететін маңызды элементі шаруашылық субъектінің қаржылық есептілігі болып табылады.

2007 жылдың 28 ақпанында қабылданған №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептеме туралы» ҚР Заңына сәйкес қаржылық есептілік келесі нысандардан тұрады:

- бухгалтерлік баланс;
- пайда мен зиян туралы есеп;
- ақша қаражаттардың қозғалысы туралы есеп;
- капиталдағы өзгерісі туралы есеп;
- түсініктеме хат[7].

Аталған заңның 15 бапқа сәйкес «Қаржылық есептілік – дара кәсіпкердің немесе кәсіпорынның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайдағы өзгерістер туралы ақпарат» болып табылады.

Кәсіпорынның қызметі туралы ақпаратқа қығушылық танытатын жақтарды екі түрге бөлуге болады: ішкі және сыртқы пайдаланушылар [8].

Ішкі пайдаланушылар қатарына кәсіпорынның басқарушылық персоналы жатады. Олар өндірістік және қаржылық сипатта әртүрлі шешімдерді қабылдайды. Мысалы, қаржылық есептілік негізінде келесі жылға қаржылық жоспар құрылады немесе өндірісті кеңейту не қысқарту туралы шешімдер қабылданады, т.с.с. Берілген шешімдерді қабылдау үшін толық, уақытылы және ақиқатты ақпарат қажет екені белгілі, әйтпесе кәсіпорын банкроттыққа әкелетін үлкен шығындарға ие болуы мүмкін.

Қаржылық есептілік кәсіпорын мен оның сыртқы ортасы арасындағы байланыс құралы болып табылады. Кәсіпорынмен сыртқы пайдаланушыларға

есептілікті берудің мақсаты қаржылық нарықтарда қосымша ресурстарды алу болып табылады. Сонда кәсіпорынның келешегі қаржылық есептілікке тәуелді.

Сыртқы пайдаланушылар арасында екі топты бөлуге болады. Бірінші топқа акционерлер, кредиторлар, жеткізушілер мен сатып алушылар, мемлекет, компания қызметкерлері жатады. Екінші топқа бірінші топ пайдаланушылардың мүдделерін қорғау үшін есептілікті білуге тиісті жеке және заңды тұлғалар, оларға аудиторлық компаниялар, қаржылық кеңес берушілер, бағалы қағаздар биржасы, заң органдары, ақпараттық агенттік, БАҚ, т.с.с.

Қаржылық есептілік құрылуы бірнеше қағидаларға сүйінеді, олар: орындылық, бейтараптылық, сенімділік, түсініктілік, дұрыстылық пен салыстырмалық. Қаржылық есептілік құжатпен дәлелденген және тексерілген бухгалтерлік есеп шоттары негізінде құрылады. Салыстыру үшін қаржылық есептіліктен өткен кезең көрсеткіштері көрсетіледі.

Енді қаржылық есептіліктің нысандарына жеке тоқталып кетейік.

Кәсіпорынның қаржылық есептіліктің басты ақпарат көзі – бухгалтерлік баланс [9]. Бухгалтерлік баланс ретінде кәсіпорынның барлық бухгалтерлік шоттардан тұратын екіжақты жиынтық кестені түсінеді. Берілген құжатта есеп құрылған күнге кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның өткен кезеңмен салыстырылуы көрсетіледі.

Бухгалтерлік баланс ақпаратты негізінде талдауды, көрсеткіштерді салыстыруға, яғни олардың өсуін немесе кемуін анықтауға мүмкіндік беріледі. Баланста ақшалай түрде мүлік қалдығы, материалдар, қаржылар, капитал, қорлар, несиелер, қарыздар, міндеттемелер, пайда көрсетіледі.

Бухгалтерлік баланс капитал орналастырудың нәтижелігін, ағымды және келешектегі шаруашылық қызметті жүргізуге оның жеткіліктігін бағалауға, заемдық қаражаттардың көлемі мен құрылымын, сонымен қатар оларды тарту тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Баланста көрсетілген ақпарат негізінде сыртқы пайдаланушылар берілген кәсіпорынмен әріптестік жүргізу туралы шешім қабылдайды, несие алушы ретінде оның несиеқабілеттілігін бағалайды, кәсіпорынның акциялары мен активтерін сатып алудың табыстылығын бағалайды.

Кәсіпорынның бухгалтерлік балансы актив және пассив бөлігінен тұрады, ал олар келесі бөлімдерге бөлінеді:

- ұзақ мерзімді активтер;
- ағымды активтер;
- ұзақ мерзімді міндеттемелер;
- қысқа мерзімді міндеттемелер;
- капитал.

Баланс құрылымын талдауда маңызды аспект – бұл актив пен пассив арасындағы өзара байланысты анықтау, себебі өндірістік қызмет кезінде баланс активі мен пассив элементтердің әрдайым трансформациясы өтеді (сурет 2).
Пассивтің әр тобы активтің белгілі бір бөлігімен қызметтік байланыста болады [10].



2-сурет - Бухгалтерлік баланс активі мен пассиві арасындағы өзара байланыс

Ескерту -авторлар құрастырды[10] көзі негізінде

Мысалы, қысқамерзімді несиелер айналым қаражатты толтыру үшін арналған, ал ұзақмерзімді міндеттемелердің бір бөлігі айналым активтерді де, айналымнан тыс активтерді де қаржыландырады. Қалыпты қызмет ететін кәсіпорынның айналым активтері қысқамерзімді міндеттемелерден жоғары болу керек деп саналады.

Бухгалтерлік баланста көрсетілген ақпарат меншік иелердің және үшінші тұлғалардың кейбір сұрақтарына жауап бере алмайтыны туралы айтып кету жөн. Бұл жағдайда қаражат қалдығы мен ақша қозғалысы туралы қажетті қосымша мәліметтерді алу үшін Пайда мен зиян туралы есебі (№2 нысан) мен Ақша қозғалысы туралы есебі (№3 нысан) көрсетілетін ақпарат қолданылады.

Пайда мен зиян туралы есеп есепті кезең ішіндегі кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері туралы мәліметтерді қамтиды. Берілген нысанда кәсіпорынның жалпы табысы немесе зиян көлемі көрсетіледі және де келесі көрсеткіштерді қамтиды:

- негізгі қызметтен түскен табыс;
- негізгі емес қызметтен түскен табыс;
- өзге операциялардан табыс пен шығын.

Сонымен қатар берілген нысанда кәсіпорынның өткізілген өнімді (қызмет, жұмыс) өндіруге кеткен шығындар, коммерциялық шығындар, басқару шығындары, тауарды (қызмет, жұмыс) іске асырудан түскен табыс, табыс салығының көлемі мен таза пайда (залал) көлемі көрсетіледі.

Пайда мен зиян туралы есеп кәсіпорын пайдасын құру, бөлу және пайдаланумен байланысты ақпаратты қамтиды [11]. Есепте келесі ақпараттар айқындалады:

- тауар айналымы (өткізілген тауар), яғни өндірілген немесе сатып алынған тауарларды сату көлемінен қоймадағы тауар мен аяқталмаған өндіріс көлемінің айырмасы;

- шығындар, яғни тауарды сатып алуға кеткен шығындар, өткізілген тауардың өндірісіне кеткен шығындар, өткізу шығындары, әкімшілік шығындар қосындысы;

- өткізуден түскен пайда, яғни тауар айналымынан шығындардың айырмасы;

- инвестициялық қызметтен түскен кірістер мен зияндар, яғни кәсіпорын акцияларынан пайда, инвестициядан пайда, төленген пайыздар, несиелер мен банктегі шоттардың пайыздар көлемінің қосындысы;

- салық салуға дейінгі пайда (зиян), яғни өткізуден түскен пайданың, инвестициялық қызметтен түскен пайданы және өткізуден тыс операциялардың қалдығының қосындысы;

- негізгі қызметтен түскен пайдадан салық көлемі;

- таза пайда (зиян), яғни жалпы пайдадан табыс салығының айырмасы.

Пайда мен зиян туралы есебі кәсіпорын рентабельдігің көрсеткіштерін талдау үшін маңызды ақпарат көзі болып табылады.

1.3 Ұйымның қаржылық жағдайын талдау мен бағалау әдістері

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау мен бағалаудың әртүрлі экономист-ғалымдардың әдістемелері бар, олар кәсіпорын мүлігі мен құрылу көздерінің тігінен және көлденен талдауды, қаржылық тұрақтылықтың талдауды, баланс өтімділігінің, іскерлік белсенділігі мен төлемқабілеттілігін талдауды өзіне қосады.

Қаржылық есептілікті талдаудың негізгі әдістеріне келесілер жатады [12]:

- көлдеңен талдау – бұл әр көрсеткішті алдыңғы кезеңмен салыстыру;

- тігінен талдау – бұл қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау, яғни әр көрсеткіштің нәтижеге әсерін айқындау;

- трендтік талдау – бұл қаржылық есептіліктің әр көрсеткішін алдыңғы кезеңнің мәнімен салыстыру және тренд анықтау;

- салыстырмалы талдау – бұл жиынтық көрсеткіштерді жалпы салалық, экономикалық, бәсекелестердің көрсеткіштермен салыстыратын ішкі шаруашылық талдау;

- факторлық талдау – бұл бөлек факторлардың нәтижелік көрсеткішке әсерін талдау.

Қаржылықжағдайды талдаудың құралдары ретінде қаржылық коэффициенттер кең қолданылады. Қаржылық коэффициенттер – бұл бір абсолютті қаржылық көрсеткіштердің екінші көрсеткішке қатынасы арқылы кәсіпорынның қаржылық жағдайын көрсететін салыстырмалы көрсеткіштер.

Кәсіпорын өтімділігі – бұл кәсіпорынмен өз міндеттемелерді қаншалықты тез өтеу мүмкіндігі, яғни оның қаржылық тұрақтылықтың көрсеткіші.

Кәсіпорын өтімділігі бірнеше коэффициенттермен анықталады, оларды есептелуі төменгі 1-ші кестеде көрсетілген.

1-кесте – Өтімділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	Есептеу формуласы	Норматив мәні
Абсолютті өтімділік	(ақша қаражаттары + қысқамерзімді қаржы салымдары) / қысқамерзімді міндеттемелер	≥ 0,2
Ағымдық өтімділік	Айнымалы активтер / қысқамерзімді міндеттемелер	1,0-2,0
Аралық өтімділік	(Ақша қаражаттары + қысқамерзімді қаржы салымдары + дебиторлық қарыз + өзге айнымалы активтер) / қысқа мерзімді міндеттемелер	0,7-1,0
Ескерту - авторлар құрастырды[13] көзі негізінде		

Келесі көрсеткіштер – бұл қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері. Қаржылық тұрақтылық кәсіпорынның тұрақты жағдайы туралы сипаттайтын көрсеткіш, яғни табыстардан шығындардан артық болуы, бос ақша қаражаттардың болуы мен олардың тиімді қолданылуы, өндіріс процесі мен өнімді өткізудің үздіксіздігі. 2-ші кестеде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштердің есептеу жолы мен нормативтік мәндері көрсетілген.

2-кесте – Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Есептеу формуласы	Норматив мәні
Автономия коэффициенті	Меншікті капитал / мүліктің құны	≤ 0,6
Қаржылық тәуелділік коэффициенті	Мүліктің құны / меншікті капитал	≤ 0,5
Қаржылық леверидж коэффициенті	Заемдық капитал / меншікті капитал	≤ 1
Қаржыландыру коэффициенті	Меншікті капитал / заемдық капитал	≥ 1
Инвестициялау коэффициенті	Меншікті капитал / ұзақмерзімді активтер	-
Меншікті капиталдың маневрлеу коэффиценті	(меншікті капитал – ұзақмерзімді активтер) / меншікті капитал	>0,1
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті	(меншікті капитал + ұзақмерзімді міндеттемелер) / баланс валютасы	>0,7
Ескерту - авторлар құрастырды[13] көзі негізінде		

2-ші кесте ақпараттарына сүйіне отырып, рентабельдік – бұл экономикалық тиімділіктің салыстырмалы көрсеткіші.

Кәсіпорынның рентабельдігі материалдық, еңбек және ақшалай ресурстардың тиімді пайдаланудың дәрежесін сипаттайды. Ол салынған қаражаттың бір бірлігіне келетін пайда үлесін көрсетеді. Кәсіпорынның рентабельдігін анықтауда қолданылатын көрсеткіштер төменгі 3-ші кестеде көрсетілген.

3-кесте – Рентабельділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	Есептеу формуласы
Активтер рентабельдігі	Таза пайда / активтер
Сату рентабельдігі	Таза пайда / өткізуден түскен табыс
Меншікті капитал рентабельдігі	Таза пайда / меншікті капитал
Ескерту -авторлар құрастырды[13] көзі негізінде	

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің талдауы ресурстарды тиімді пайдалану дәрежесін көрсетеді. Ол кәсіпорынның қаржылық жағдайында қаражат айналымының жылдамдығымен көрінеді. Төменгі кестеде іскерлік белсенділік көрсеткіштері берілген.

4-кесте – Іскерлік белсенділік көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Есептеу жолы
Айналым капиталының айналымдылық коэффициенті	Жалпы табыс / айналым капитал
Активтердің айналымдылық коэффициенті	Өткізуден түскен табыс / активтер
Дебиторлық берешектің айналымдылығы	Өткізуден түскен табыс / дебиторлық берешек
Кредиторлық берешектің айналымдылығы	Өткізілген өнімнің өзіндік құны / кредиторлық берешек
Материалды-өндірістік қорлардың айналымдылығы	Өткізілген өнімнің өзіндік құны / материалды-өндірістік қорлар
Негізгі құралдардың айналымдылығы	Өткізілген өнім көлемі / негізгі құралдар
Меншікті капиталдың айналымдылығы	Өткізуден түскен табыс/ меншікті капитал
Ескерту -авторлар құрастырды[13] көзі негізінде	

Қорыта келе, жоғарыдағы көрсетілген көрсеткіштер кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау кезінде қолданылады, олардың негізінде кәсіпорын қызметінде бар кемшіліктерді, оларға әсер ететін факторларын және келешекке болжам жасауға болады. Көрсетілген талдау әдістері мен бағалау көрсеткіштер арқылы «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС қаржылық қызметіне талдау жүргізейік.

2 «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

2.1 Кәсіпорынның технико-экономикалық сипаттамасы

«TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС-і Toyota автомобильдердің ресми дилері болып табылады. Компания 2003 жылы «Toyota Motors» компаниясымен дилерлік келісімшарт бекіткеннен бастап қызмет етеді.

Қазіргі таңда Toyota әлемдегі ірі көлік өндірушілердің бірі. Жапон компаниясы жылына 5,5 млн. автокөлік шығарылады. «Toyota Motors» компаниясы Toyota, Lexus, Daihatsu, Hino маркілі автокөліктерді шығарады [14].

Қазақстанда «Toyota» бірнеше дилерлік орталықтармен көрсетілген. Автокөлік нарығында бұл үлгілер сұранысқа ие, рейтингте ресейлік «ВАЗ» модельдерден кейін екінші орында тұр [15]. Төменгі 3-ші суретте 2018 жылдың мәліметтері бойынша Қазақстандағы автокөлік рейтингі көрсетілген.



3-сурет - 2018 жылда Қазақстанда автокөлік рейтингі, %
Ескерту - авторлар құрастырды[15] көзі негізінде

2018 жылда «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС тиесілі Жетісу Тайота орталығы автокөліктерді сату бойынша автокөлік нарықтың 2,8% үлесін алды.

«TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС «Бизнес Кар» компаниялар тобына кіреді. Дилерлік орталық жүйесіне үш автоорталық кіреді:

- Тайота Жетісу орталығы;
- Лексус Алматы орталығы;
- Тойота Атырау орталығы.

Toyota Tsusha тобының дилерлік орталықтарында Kaizen (бизнес-процесстерді әрдайым жетілдіру) және Anzen (қауіпсіздік) жапондық басқару стандарттары қолданылады. 2006 жылдан бастап Компанияның дилерлік орталықтары «Lloyd's Register Quality Assurance» компаниямен ISO14001 жүйесі бойынша сертификатталған. Сонымен бірге, барлық дилерлік орталықтарда TSM, LSM және ISO9001 стандарттары енгізілген.

Дилерлік орталықтар 3S концепциясы бойынша қызмет етеді:

- Showroom (көлік салоны);
- Service Shop (сервистік станциясы);
- Spare Parts (қосалқы бөлшектер қоймасы).

«Toyota Tsusha» компанияның орталықтарымен ұсынылатын автомобильдер сертификатталған және 3 жыл кепілдікпен қамтамасыз етілген. Автосалон автомобильдерді сатумен қатар, қосалқы бөлшектерді өткізіп, сервистік қызметтерді көрсетеді, оның ішінде:

- Toyota, Lexus автомобильдерін сату мен алдын-ала сатуға дайындау;
- Toyota, Lexus автомобильдерін несиеге сату;
- Кепілдірілген және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету;
- автомобильдерге техникалық қызметті көрсету мен жөңдеу;
- Қосалқы бөлшектер мен аксессуарларды сату;
- Trade-in қызметі;
- Тест-драйв.

Toyota-Жетісу мен Lexus орталықтары Алматы қаласында, ал үшінші көлік салоны Атырау қаласында орналасқан. Орталықтарда жоғары мамандандырылған сату менеджерлер, сервистік кеңесшілер мен техникалық мамандар қызмет етеді. Компания ұжымы Toyota Education білім беру орталықтарында біліктілікті арттыру курстарын өтеді. Ұжымның білім деңгейі жыл сайынғы аттестациялаумен және мамандануымен бақыланады. Барлық жұмыс түрлері мн қызметтерге уақыт пен еңбек шығындарының жапон стандарттары енгізілген. Компанияда 219 адам қызмет етеді.

«TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС-нің техника-экономикалық көрсеткіштерге тоқталып кетейік (кесте 5).

5-кесте - «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС қызметінің техника-экономикалық көрсеткіштер

	Кезең			2015/2017		2016/2017	
	2015	2016	2017	+/-	%	+/-	%
Пайда, млн тенге	1010,4	1412,9	773,9	-236,5	-16,7	-639	-45,2
Жұмысшылар саны, адам	200	220	219	19	8,6	-1	-0,5
Еңбекақы қоры, млн. тенге	687,1	801,2	994,5	307,4	38,4	193,3	24,1
Орташа еңбекақы, мың тенге	286,3	303,5	378,4	92,1	30,3	74,9	24,7
Еңбек өнімділігі	5,05	6,42	3,53	-1,52	-23,7	-2,89	-45,0
Негізгі қорлардың орташа жылдық құны, млн. тенге	2130,6	2506,6	6116,7	3986,1	159,0	3610,1	144,0
Қор қайтарымы, млн. тенге	0,474	0,564	0,127	-0,347	-61,5	-0,44	-77,5
Ескерту:[16] көзі негізінде авторлар құрастырды							

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2017 жыл ішінде компания 773,9 млн. тенге көлемінде таза пайда алды, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 45%-ға кем. Таза пайданың кемуі автомобильдерді өткізуден түскен табыстың есепті жыл ішінде 27,4%-ға төмендеуінен және курстық бағамының айырмасынан болды.

Автосалонда есепті кезең ішінде персонал саны өзгерген жоқ деп айтуға болады, есепті кезеңде 219 адам қызмет етті. Автосалон мамандарының 10 жылдан астам еңбек өтілі бар, барлығы Toyota Motor Corporation компаниясының жоғары іскерлігі туралы дипломдарға ие. Қызметкерлердің еңбек өнімділік көрсеткіші 45%-ға кеміп, 3,53 млн. тенгені құраған еді. Еңбек өнімділіктің кему қарқыны еңбекақының өсім көрсеткішінен төмен (24,7%), бұл компанияның шаруашылық қызметтің жоғары тиімділігін көрсетеді.

Компанияның негізгі құралдар құны 144%-ға өсті, қор қайтарымы көрсеткішінің жағымсыз қарқыны байқалып тұр, оның қарқыны 77,5%-ы кемуі негізгі құралдардың өсу қарқынынан төмен.

Төменгі 4-ші суретте компаниямен 2016-2017 жылда өткізілген автомобильдердің модельдер бойынша жіктелімі көрсетілген.



4-сурет – «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС өткізілген автомобильдердің көлемі

Ескерту - авторлар құрастырды[16] көзі негізінде

«TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» компаниясы жылына орташа 250-300 көлік сатады. Есепті жылы барлық модельдер бойынша төмендеу байқалады, яғни 9% шамасында кеміді (2016 жылы – 311, 2017 жылы - 283). Көлік модельдері арасында халық арасында көп сұранысқа ие үлгілер – Toyota Corolla, Toyota Camry, Toyota Avensis.

Сонымен, «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС экономикалық көрсеткіштері кәсіпорынның тұрақты экономикалық жағдайын көрсетеді.

2.2 «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС баланс құрылымы мен динамикасын талдау

Кәсіпорынның қаржылық жағдайының динамикасы мен құрылымын зерттеу үшін бухгалтерлік баланстың салыстырмалық талдауын жүргізеді (кесте 6). 2017 жыл ішінде компанияның активтері 16,1%-ға өсіп, 9878,2 млн. тенгегі құраған еді. Активтердің өсуіне ұзақмерзімді активтер көлемінің 140,9%-ға өсуінің әсерінен болды. Компания есепті кезең ішінде 383,1 млн. тенге көлемінде негізгі құралдарды сатып алып, 191,9 млн. тенгеге өткізген еді. 2015-2017 жылдар ішінде ұзақмерзімді активтер көлемі 2,8 есе өсіп, 2180,9-дан 6174,3 млн. тенгеге дейін өзгерді.

6-кесте - «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-нің 2015-2017 жж. баланс активінің динамикасын талдау, млн. тенге

Баптардың атауы	2015 жыл		2016 жыл		2017 жыл		2016/2017		2015/2017	
	сома	%	сома	%	сома	%	+/-	үлесі	+/-	үлесі
I Қысқамерзімді активтер										
Ақша қаражаттары	589,4	7,75	671,8	7,90	194,2	1,97	-477,6	-71,1	-395,2	-67,1
Қысқамерзімді дебиторлық қарыз	1954,2	25,69	2056,9	24,18	1114,2	11,3	-942,7	-45,8	-840	-43,0
Запастар	2720,3	35,77	2989,3	35,14	2155,2	21,8	-834,1	-27,9	-565,1	-20,8
Ағымдағы табыс салығы	102,7	1,35	128,4	1,51	104,4	1,06	-24	-18,7	1,7	1,7
Өзге қысқамерзімді активтер	58,3	0,77	98,3	1,16	135,9	1,38	37,6	38,3	77,6	133,1
Қысқамерзімді активтер барлығы	5424,9	71,33	5944,7	69,88	3703,9	37,5	-2240,8	-37,7	-1721	-31,7
II Ұзақмерзімді активтер										
Негізгі құралдар	2130,6	28,01	2506,6	29,46	6116,7	61,9	3610,1	144,0	3986,1	187,1
Материалды емес активтер	5,0	0,07	6,2	0,07	9,1	0,09	2,8	44,4	4,1	82,0
Ұзақмерзімді дебиторлық қарыз	15,4	0,20	19,8	0,23	18,5	0,19	-1,3	-6,6	3,1	20,1
Өзге ұзақмерзімді актив	29,9	0,39	29,9	0,35	29,9	0,30	0	0,0	0	0,0
Ұзақмерзімді активтер	2180,9	28,67	2562,6	30,12	6174,3	62,5	3611,7	140,9	3993,4	183,1
Баланс	7605,8	100	8507,3	100	9878,2	100	1370,9	16,1	2272,4	29,9
Ескерту:[16] көзі негізінде авторлар құрастырды										

Компанияның қысқамерзімді активтер көлемі 2017 жылы 2240,8 млн. тенгеге немесе 37,7%-ға кеміп, 3703,9 млн. тенгені құраған еді. Ағымдық

активтердің азаюына ақша қаражаттарының 71,1%-ға, дебиторлық қарыздың 45,8%-ға, запастардың 27,9%-ға кемудің салдарынан болды. Есепті үш жыл ішінде компанияның ағымды активтер 31,7%-ға азайған еді, яғни негізгі баптар бойынша төмендеу байқалған: ақша қаражаттары – 67,1%, дебиторлық қарыз – 43%, запастар – 20,8%.

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2017 ж. баланс активінің құрамында ең көп үлесті ұзақмерзімді активтер алады, яғни 62,5%. Өткен кезеңдермен салыстыратын болсақ, ұзақмерзімді активтердің үлесі 2 есе рет өскен екен, ал ағымды активтерде керісінше кему тенденциясы байқалуда.



5-сурет -Баланс активінің 2015-2017жж. құрамы, %
Ескерту - авторлар құрастырды[16] көзі негізінде

2017 жыл ішінде ұзақмерзімді активтердің көлемінің өсуіне негізгі құралдардың артуы себеп болғандықтан 2400 шот бойынша кезең ішіндегі айналымды көрсету жөн (кесте 7).

7-кесте– 2400 шот «Негізгі құралдар» бойынша айналым-сальдолық ведомості, тенге

Шот		Кезең басындағы сальдо		Кезең ішіндегі айналым		Кезең аяғындағы сальдо	
Код	Атауы	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит
2400	Негізгі құралдар	825 598 079,60		1 748 901 538,78	1 296 277 168,16	1 278 222 450,22	
		4 356 940,55		1 820 735,58	2 172 029,83	4 005 646,30	
2410	Негізгі құралдар	1 736 173 968,95		1 563 267 175,07	253 174 034,70	3 046 267 109,32	
		11 303 193,55		750 105,79	1 323 526,19	10 729 773,15	
2420	Амортизация меннегізгі құралдардың құнсыздануы		910 575 889,35	185 634 363,71	1 043 103 133,46		1 768 044 659,10
			6 946 253,00	1070629,79	848 503,64		6 724126,85
Ескерту: [16] көзі негізінде авторлар құрастырды							

Есепті жылдың басында негізгі құралдардың көлемі 1736,2 млн.тенгеге тең болды, оның ішінде амортизациялық аударымдар 910,6 млн. тенгені құрады. Кезең ішінде 2400 шот бойынша айналым көлемі: келуі – 1748,9 млн. тенге, кетуі – 1296,3 млн. тенге тең болды. Сонда 2017 жылдың аяғында негізгі құралдардың көлемі 1278,2 млн. тенгеге тең болды.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-нің 2015-2017 жылдар арасында жарғылық капитал көлемі өзгерген жоқ, яғни 356282,0 мың тенгеге тең, оның меншікті капитал ішіндегі үлесі 3,0-5,0% құрайды (кесте 8).

8-кесте – 2015-2017 жж. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС баланс пассивінің құрылымы мен динамикасын талдау, млн. тенге

Баптардың атауы	2015 жыл		2016 жыл		2017 жыл		2016/2017		2015/2017	
	сома	%	сома	%	сома	%	+/-	үлесі	+/-	үлесі
IIIҚысқамерзімді міндеттемелер										
Несиелер	6254,4	82,2	8332,3	97,9	5300,0	53,7	-3032,3	-36,4	-954,4	-15,3
Кредиторлық берешек	164,3	2,2	190,4	2,2	124,6	1,3	-65,8	-34,6	-39,7	-24,2
Ағымды салық міндеттемелер	83,8	1,1	121	1,4	186,5	1,9	65,5	54,1	102,7	122,6
Өзге міндеттемелер	473,2	6,2	529,0	6,2	247,2	2,5	-281,8	-53,3	-226	-47,8
Қысқамерзімді міндеттемелер барлығы	6811,4	89,6	9172,6	107,8	5858,4	59,3	-3314,2	-36,1	-953	-14,0
IVҰзақмерзімді міндеттемелер	0	0	0	0	0	0	0		0	0
V Капитал										
Жарғы капитал	356,3	4,7	356,3	4,2	356,3	3,6	0	0,0	0	0,0
Резервтер	0		0		3911,2	39,6	3911,2		3911,2	
Бөлінбеген пайда (зиян)	438,1	5,8	-1021,6		-247,7		773,9	-75,8	-685,8	-156,5
Капитал барлығы	794,4	10,4	-665,3	-7,8	4019,8	40,7	4685,1	-704,2	3225,4	406,0
Баланс	7605,8	100	8507,3	100	9878,2	100	1370,9	16,1	2272,4	29,9
Ескерту:[16] көзі негізінде авторлар құрастырды										

Кестеден көріп отырғанымыздай, компанияның қысқамерзімді міндеттемелер көлемі 2017 жылы 36,1%-ға немесе 3314,2 млн. тенгеге кеміп, 5858,4 млн. тенгені құраған еді, ал 2015 жылмен салыстырғанда 14%-ға азайды. Компания міндеттемелердің азаюына қысқамерзімді несиелер көлемінің 36,4%-ға азаюы мен кредиторлық берешектің 34,6%-ға кемігені әсер етті. «Өзге қысқамерзімді міндеттемелер» бабы бойынша да есепті кезеңде 53,3%-ға кему байқалған.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-те ұзақмерзімді міндеттемелер жоқ.

Есепті кезеңде меншікті капиталдың көлемі 4019,8 млн. тенгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4685,1 млн. тенгеге артық, себебі 2016 жылы

бөлінбеген пайда теріс мәнге ие болып, 773,9 млн. тенге көлеміндегі зиян ғана жабылған еді (Кесте 9).

9-кесте – 2017 жылда капитал өзгерісі туралы есеп мәліметтері

	Жарғы капитал	Эмиссиялық табыс	Сатып алынған меншік акциялар	Резерв	Бөлінбеген пайда	Барлығы капитал
Жыл басындағы қалдық	356,3	0	0	0	-1021,6	-665,3
Жиынтық табыс				3911,2		3911,2
Есепті жылдың басындағы қалдық	356,3	0	0	3911,2	-1021,6	3245,8
Жыл ішіндегі пайда					773,9	773,9
Есепті жылдың аяғындағы қалдық	356,3	0	0	3911,2	-247,7	4019,8
Ескерту:[16] көзі негізінде авторлар құрастырды						

«Капитал өзгерісі туралы есебі» мәліметтерінен компания 2017 жылы резервтер қорын құру негізінде меншікті капитал көлемін оң мәнге шығарды.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС баланс пассивінің құрылымын қарайтын болсақ, онда ең көп үлесті қысқамерзімді міндеттемелер алады, олардың 2017 жылдағы үлесі 59,3%-ға тең болды. Есепті кезең ішінде қысқамерзімді міндеттемелердің үлесі 89,6%-дан 59,3%-ға дейін кеміді. Бұл компаниямен зияндарды жабу үшін резервтер қорының құрылуы әсерін болған өзгеріс, яғни пассивтерде капиталдың үлесі 10,4%-дан 40,7%-ға дейін артты.



6-сурет - Баланс пассивтерінің құрылымы, %
Ескерту - авторлар құрастырды[16] көзі негізінде

Компания қызметі қаншалықты табысты екенін анықтау үшін қаржылық есептіліктің №2 «Пайда мен зиян туралы есебі» нысанын талдау қажет. Төменгі 10-шы кестеде «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС 2015-2017 жж. қаржылық нәтижелеріне талдау жасалған.

10-кесте- «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС пайда мен зиян туралы есебінің талдауы, млн. тенге

Баптардың атауы	Кезең			2016/2017		2015/2017	
	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	+/-	үлесі	+/-	үлесі
Өткізуден түскен табыс	28637,2	34468,3	42215,5	7747,2	22,5	13578,3	47,4
Өткізілген өнімнің (қызмет) өзіндік құны	26242,7	30904,4	38921,8	8017,4	25,9	12679,1	48,3
Жалпы табыс	2394,5	3563,9	3293,7	-270,2	-7,6	899,2	37,6
Операциондық қызметтен пайда	1010,4	1412,9	773,9	-639	-45,2	-236,5	-23,4
Салық салуға дейінгі пайда	1010,4	1412,9	773,9	-639	-45,2	-236,5	-23,4
КТС салығы бойынша шығын	0	0	0	-	-	-	-
Таза пайда	1010,4	1412,9	773,9	-639	-45,2	-236,5	-23,4
Ескерту:[16] көзі негізінде авторлар құрастырды							

Кестенің мәліметтері 2015-2017 жж. компанияда табыс көлемінің өсуін көрсетеді, яғни 2017 жылы өткен жылға қарағанда 22,5%-ға өссе, үш жылдың ішінде 47,4%-ға өсті. Бұл сату көлемінің өсуінен емес, көбінесе өткізілген өнімнің бағасының өсуіне (2017 жылы 17%-ға) байланысты болды.

Кезең ішінде компаниямен өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны өсіп тұр, яғни 2016 жылы 17,8%-ға, ал 2017 жылы 25,9%-ға артты. Сонда бұл валюта бағамының құбылмалығы мен тасымалдау шығындарының өсуіне байланысты болды. Компанияның өткізілген өнімнен түскен табысы мен өзіндік құнын 2015-2017 жыл ішінде өзгеруін төменгі суретте бейнеленген.



7-сурет -2015-2017 жж. негізгі қызметтен түскен табысы мен шығысының өзгеруі, млн. тенге

Ескерту - авторлар құрастырды[16] көзі негізінде

Есепті кезең ішінде жалпы табыс көлемі 2015 жылы 2394,5 млн. тенгені, ал 2016 жылы 48,8%-ға өсіп, 3563,9 млн. тенгені және 2017 жылы 7,6%-ға төмендеп, 3293,7 млн. тенгені құрады. 2017 жылы компанияның сату көлемі 9%-ға түскеніне қарамастан, үш жыл ішінде компания жалпы табысты 38,6%-ға артырды.

2017 жылы «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-те таза пайда көлемі 45,2%-ға азайып, 773,9 млн. тенгені құрады. Бұл есепті жылда «өзге табыстар» бабының 46,2%-ға және «Өзге шығыстар» баптың 2,9 есе артқаны себеп болды.

Компания бойынша алдыңғы кезеңдерде болған зиян көлемін жабу негізінде салық салынатын табыстан шегерімдер жоғары болып тұр. 2014 жылы зиян көлемі 3362,6 млн. тенге көлемінде болды. Келесі кезеңге 165,4 млн. тенге зиян көлемі қалды.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» компаниясы 2017 жылы табыстың 87,97%-ы жаңа көліктерді өткізуден түседі (сурет 8).

8-сурет - 2017 жыл бойынша табыстардың құрылымы, %
Ескерту - авторлар құрастырды [16] көзі негізінде

Көріп отырғанымыздай, компания автокөліктердің жаңа үлгілерімен қатар пайдалынған көліктерді сатады, оның табыстағы үлесі 4,96%-ды құрайды. Бұл көбінесе автосалонмен клиенттерге ұсынылатын «Trade-in» қызметі негізінде іске асырылады.

Сонымен, «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-нің қаржылық нәтижелерін талдау көрсеткендей, компанияның қызметі өсу үрдісіне ие, әр түрлі сыртқы факторлардың әсеріне тұрақты жауап бере алады. Компанияның тауары мен қызметі халық арасында сұранысқа ие, оның үлгілері үздік ондыққа (Toyota – 2 орын) кіреді, яғни бұл компанияның бәсекеге қабілетті екеніне бір дәлел.

Енді 2015-2017 жж. аралығында қаржылық коэффициенттер негізінде «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қызметін бағалауды келесі бөлімде жүргізейік.

2.3 Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қаржылық қызметін бағалауды баланс өтімділігін анықтаудан бастаймыз.

Баланс өтімділігін талдау актив құралдарын олардың өтімділік дәрежесі бойынша, ал пассивті оларды төлеу мерзімі бойынша салыстыруды білдіреді. Ережеге сәйкес актив және пассив баптарын топтастыру– бұлактив бөлігін көбірек өтімдіден азырақ өтімдіге, яғни өтімділіктің төмендеу тәртібінде және пассив бөлігін көбірек жылдамнан азырақ жылдам төлемдерге, яғни мерзімдердің өсу тәртібінде жүзеге асырылады.

Өтімділік дәрежесіне, яғни ақшалай қаражаттарғаайналу жылдамдығына байланысты «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШСактивтерін келесі топтарға бөлінеді. (Кесте 11).

11-кесте – Өтімділік дәрежесі бойынша баланс баптарын топтастыру

	Кезең				Кезең			Орындалуы
	2015	2016	2017		2015	2016	2017	
Ең өтімді активтер	589,4	671,8	194,2	Ең мерзімді міндеттемелер	164,3	190,4	124,6	А1>П1
Тез өтетін активтер	1954,2	2056,9	1114,2	Қысқа мерзімді міндеттемелер	6647,1	8332,3	5733,8	А2<П2
Баяу өтетін активтер	2881,3	3216	2395,5	Ұзақ мерзімді міндеттемелер	0	0	0	А3>П3
Қиын өтетін активтер	2180,9	2562,6	6174,3	Тұрақты пассивтер	7605,8	8507,3	9878,2	А4<П4
Ескерту - авторлар құрастырды[16] көзі негізінде								

Баланстың өтімділігін анықтау үшін актив пен пассив бойынша аталған топтардың қорытындыларын салыстыру керек. Егер келесі қатынастар орындалса, баланс абсолютті өтімді болып табылады[17]:

А1>=П1; А2>=П2; А3>=П3; А4<=П4(1)

Кестеден көріп отырғанымыздай, «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС бухгалтерлік балансы абсолютті өтімді емес, себебі А2>П2 теңдігі орындалмайды.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС ең өтімді активтері төлем міндеттемелерін есептік кезең ішінде толығымен жабады. Актив пен пассив

баптардың I тобының қорытындыларын салыстыру тез арадағы түсімдердің және төлемдердің жағдайын көрсетеді.

Актив және пассив баптарының II тобын салыстыру төлем тәртібінің жақын арадағы жақсару немесе нашарлау жағдайы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС жақын арада міндеттемелердің толық көлемін өтей алмайтынын көрсетеді.

Толығымен актив және пассив баптардың I және II топтарын салыстыруыағымдағы өтімділікті есептеуге мүмкіндік береді. Ол жақын арадағы қарастырылған кезең аралығында кәсіпорынның төлем қабілеттілігі (немесе төлемқабілеттілігі жоқ екенін) туралы жорамалдайды. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-тің талданған кезең ішінде осы екі топ баптарының мәліметтері бойынша төлемге қабілетсіз болды, яғни ең өтімді және айналысқа тез шығарылатын активтер сомасы жылдам және қысқамерзімді міндеттемелер сомасынан көп (2015 жылы – 4267,8 млн. тенге, 2016 жылы – 5794 млн. тенге, 2017 жылы – 4550 млн. тенге).

Айналысқа баяу шығарылатын активтерін ұзақмерзімді міндеттемелерімен салыстыру перспективасы өтімділікті көрсетеді және өзімен бірге болашақ түсімдерді және төлемдерді салыстыру негізінде төлемқабілеттіліктің болжамын көрсетеді, яғни кеш мерзімдерде кәсіпорынның қаржылық жағдайдың жақсаруы немесе нашарлауы туралы алдын-ала көруге мүмкіндік береді. Талданған кезең ішінде төлемдік құралдардың артықшылығы бар екені көрінеді.

Баланс активі және пассиві баптарының IV тобының қорытындыларын салыстыру кәсіпорынның оның меншік иелері алдындағы міндеттемелерді жабу мүмкіншілігін көрсетеді. Бірақ та, бұл кәсіпорын жойылған жағдайда ғана қажет болады. Кәсіпорынның үздіксіздік немесе қызмет ету принципін сақтау шаруашылық етуші субъект әрқашан меншікайналым капиталына ие болуын талап етеді. Бұл үшін төртінші теңсіздік сақталуы қажет: А4<П4, яғни меншіктік құралдар көздері иммобильді активтерден асады. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШСбұл теңсіздік сақталады.

Кәсіпорынның төлемқабілеттілігі оның қаржылық тұрақтылықтың маңызды критерийлерінің бірі болып табылады және сондықтан, онымен үздіксіз байланысты.

Төлемге қабілетті кәсіпорын деп ағымдағы активтер сомасы ағымдағы міндеттемелердің мөлшерінен әлдеқайда жоғары кәсіпорынды есептеуге болады. Кәсіпорындар тек қарыздарын төлеу үшін ғана құралдарға ие болмау керек, сондай-ақ өндірістің үздіксіз үрдісін жүзеге асыру және өнімді айналысқа шығару үшін де қаражаттар қажет.

Кәсіпорынның перспективасы төлемқабілеттілігін анықтау кезінде кәсіпорын активтері ақшалай қаражаттарғаайналаалатын дайындығын және жылдамдығын сипаттайтын өтімділіктің статистикалық көрсеткіштері кең пайдаланылады [17]. Үш көрсеткіш жиі қолданылады:

1) абсолютті өтімділік коэффициенті;
2) аралық жабу коэффициенті;
3) ағымдағы өтімділік коэффициенті.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-тің өтімділік коэффициенттері 12 кестеде есептелінген.

12-кесте - «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС өтімділік көрсеткіштері

Атауы	Кезеңдер			Ауытқуы (+/-)	
	2015	2016	2017	2016/2017	2015/2017
Ақша қаражаттар	589,4	671,8	194,2	-	-
Дебиторлық қарыз	1954,2	2056,9	1114,2	-	-
Өзге қысқа мерзімді активтер	58,3	98,3	135,9	-	-
Қысқа мерзімді активтер	5424,9	5944,7	3703,9	-	-
Қысқа мерзімді міндеттемелер	6811,4	9172,6	5858,4	-	-
Абсолютті өтімділік	0,086	0,073	0,033	-0,04	-0,053
Ағымдағы өтімділік	0,796	0,648	0,632	-0,016	-0,164
Аралық өтімділік	0,382	0,308	0,247	-0,061	-0,135
Ескерту -авторлар құрастырды[16] көзі негізінде					

Кестеден көріп отырғанымыздай, «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-тің 2015-2017 жж. аралығындағы өтімділік көрсеткіштері нормативтік мәндерінен төмен және жылдан жылға кеміп тұр.

Кәсіпорын баланс құру күніне немесе тез арада міндеттемелердің 3,3%-ын ғана жаба алатынын абсолютті өтімділіктің мәні көрсетті. Оның нормативтік мәні 0,2-ден 0,5 аралығында болуы керек.

Аралық өтімділік көрсеткіштің мәні шамамен алғанда 0,5 кем болмауы керек, яғни кәсіпорында қысқа мерзімді міндеттеменің 1 теңгесіне ақша мен дебиторлық берешектің 50 тиыннан кем емес мөлшері болуы тиіс. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-те 2017 жылы қысқа мерзімді міндеттеменің әр теңгесіне 24 тиыннан келді (2015 жылы – 38 тиын, 2016 жылы – 31 тиын).

Ағымдағы өтімділік көрсеткіші өтімді құралдар арқылы қысқа мерзімді міндеттемелермен тез есептесу қабілетін дәлелдейді. 2017 жылы «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС ағымдағы өтімділік мәні негізінде қысқамерзімді міндеттемелердің 63,3%-ын жаба алатынын көрсетті. Осы көрсеткіштің қалыпты мәні 1-2 арасында болуы тиіс. Ағымдағы өтімділік бір айналымының орташа ұзақтығы барлық айналым құралдарының ұзақтығына тең уақытта кәсіпорынның күтілетін төлемқабілеттілігін сипаттайды.

Активтердің құрылу көздерін талдау үрдісінде меншіктік және тартылған капиталдың фактілік мөлшері орнатылады, есептік кезең ішінде олардың өзгеруін тудыратын себептер анықталады, оларға сәйкесті баға беріледі. Сонымен қатар, басты назар меншіктік капиталғааударылады, себебі меншіктік құралдар көздердің қоры – бұл қаржылық тұрақтылық қоры [13, 95б.].

Қаржылық тұрақтылық бірнеше коэффициенттер арқылы анықталады:

- автономия коэффициенті;
- қаржылық тәуелділік;

- қаржылық леверидж;
- қаржыландыру коэффициенті
- инвестициялау коэффициенті
- меншікті капиталдың маневрлеу
- қаржылық тұрақтылық.

13-кесте - «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-ің қаржылық тұрақтылығын бағалау

Көрсеткіш	Норматив мәні	Кезең			Ауытқуы (+/-)
		2015	2016	2017	2015/2017
Меншікті капитал	-	794,4	-665,3	4019,8	-
Заемдық капитал	-	6811,4	9172,6	5858,4	-
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	0	0	0	-
Ұзақмерзімді активтер	-	2180,9	2562,6	6174,3	-
Баланс валютасы	-	7605,8	8507,3	9878,2	-
Автономия коэффициенті	≤ 0,6	0,104	-	0,407	0,302
Қаржылық тәуелділік коэффициенті	≤ 0,5	9,574	-	1,457	-8,117
Қаржылық леверидж коэффициенті	≤ 1	8,574	-	1,457	-7,117
Қаржыландыру коэффициенті	≥ 1	0,117	-	0,686	0,570
Инвестициялау коэффициенті	-	0,364	-	0,651	0,287
Меншікті капиталдың маневрлеу коэффиценті	>0,1	-1,745	-	-0,536	1,209
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті	>0,7	0,104	-	0,407	0,302
Ескерту -авторлар құрастырды[16] көзі негізінде					

Жоғарыда көрсетілген коэффициенттерге жеке тоқталып кетейік.

Меншікті капиталдың нақты мөлшерді орнату ғана емес, сондай-ақ капиталдың жалпы сомадағы оның үлес салмағын анықтау маңызды. Автономия көрсеткіші кәсіпорынның қарыздық құралдардан қаншалықты тәуелсіз және меншікті құралдарын басқаруға қабілетті екенін көрсетеді. Оның өсуі кәсіпорында қаржылық тәуелсіздіктің өсуі, болашақ кезеңдерде қаржылық қиындықтар тәуекелінің төмендеуі туралы жорамалдайды.

2017 жылы «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС автономия коэффициенті 0,407 құрады, 2015 жылға қарағанда 0,302 жоғары екен. Бұл нормативтік мәнінен төмен, қазіргі таңда кәсіпорын меншік құралдармен 40,7%-ын жаба алады.

Батыс экономистері тәуелсіздік коэффициентін жеткілікті жоғары деңгейде қолдау міндетті емес деп есептейді [18]. Бұл құралдар көздерінің тұрақты құрылымын ұстауға мүмкіншілік береді. Міне, осындай құрылымға инвесторлар және кредиторлар басты назар аударады. Кәсіпорында неғұрлым меншіктік құралдар көп болса, соғұрлым тоқтаусыз жұмысты қамтамасыз ету және нарық жағдайынан өту жеңіл болады. Сондықтан, көбірек көреген

кәсіпкерлер әр түрлі резервтік қорлар құру және бөлінбеген табысты жарғылық капиталға тікелей аудару жолымен меншікті капиталды өсіруге ұмтылады.

Барлық аванстық капиталдың ішінде тартылған капиталдың үлесі тәуелсіздік коэффициентке кері көрсеткіш бар. Оны қаржылық тәуелділік деп атайды. Бұл коэффициенті аванстық капиталдың жалпы сомадағы қарыз үлесін сипаттайды. Осы үлес неғұрлым жоғары болса, соғұрлым кәсіпорын қызметтің сыртқы қаржыландыру көздерімен байланысы жоғары.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-нда 2015 жылы тәуелділік коэффициенті 9,6 құрады, 2016 жылы мәні -12,79, 2017 жылы – 1,457. Компания тәуелділік коэффициентінің осындай өсу қарқынымен өзінің қаржылық тәуелсіздігін жоғалтуы мүмкін. Тәуелділік коэффициенті талданған кезең ішінде оның қалыпты мәнінен жоғары.

Қаржылық леверидж көрсеткіші компания капиталының құрылымы мен кредиторларға қарыз дәрежесін көрсетеді. Компанияда есепті кезең ішінде қаржылық леверидж нормативтік мәндерінен асып түсті, яғни 2015 жылы 8,574 және 2017 жылы 1,457, бұл компанияның қарыздық қаражаттардан тәуелділігі мен қаржылық тұрақтылықтың нашарлауын көрсетеді.

Компанияның қаржылық тұрақтылықты сипаттайтын келесі көрсеткіш меншіктік капиталдың тартылған капиталға қатынасын бейнелейтін қаржыландыру коэффициенті болып табылады. Бұл коэффициент меншіктік құралдар активтеріне салынған бір теңгеге кәсіпорын қанша қарыздық құралдар салынғанын көрсетеді.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-нда бұл көрсеткіш талданған кезең ішінде мына мәліметтермен сипатталады: 2015 жылы – 0,117, 2017 жылы - 0,686. Бұл мәндер 2015 жылы кәсіпорын активтерге салынған меншіктік құралдардың әрбір теңгесін, қарыздық құралдардың 11 тиынын тартқанын көрсетеді, ал 2017 жылы қарыздық құралдардың 68 тиынын тартты. Көрсеткіш нормативтік мәнге сәйкес келеді.

Капитал құрылымының құрылу тиімділігін анықтау үшін, сондай-ақ, жоғарыда келтірілген көрсеткіштерден басқа, батыс фирмаларында кең қолданылатын, меншіктік капиталдың негізгі құралдарға қатынасымен есептелетін инвестициялау коэффициенті қолданылады. 2015 жылы «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-нда инвестициялау коэффициенті 0,364-ке, ал 2017 жылы - 0,651-ке тең. Бұл мәліметтер меншіктік капитал тек негізгі құралдарды алуға ғана емес, сонымен бірге кәсіпорынның қаржылық есеп берудің басқа даактивтерін иеленуге пайдаланылады.

Есепті кезең ішінде компанияда меншікті капиталдың маневрлеу көрсеткіші теріс мәнге ие болды (2015 жылы -1,745 және 2017 жылы -0,536), бұл компания меншікті айналым капиталын ұстауға мүмкіндігі жоқ екенін көрсетеді, яғни қажет болған жағдайда айналым құралдарды меншікті қаражаттармен толтыра алмайды.

Қаржылық тұрақтылық коэффициенттің мәні есепті кезең ішінде нормативтік мәнінен төмен болып тұр, яғни 2015 жылы 0,104 және 2017 жылы 0,407. Бұл компания мүлігінің қай бөлігі тұрақты пассивтер арқылы қаржыландырылатының көрсетеді, сонда 2015 жылы активтің 10,4% үлесі, ал

2017 жылы 40,7% үлесі бір жылдан асатын міндеттемелер есебінен қаржыландырылады.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қызметін талдаудың келесі қадамы – бұл іскерлік белсенділік, яғни кәсіпорынның қаржылық жағдайы активтерге салынған құралдардың қаншалықты шынайы ақшаларғаайналуына тікелей тәуелді екені анықталады. Олардың ақшалай нысанғаайналуы кәсіпорынның төлемқабілеттілігіне тікелей әсер етеді.

14-кесте – Компанияның іскерлік белсенділік көрсеткіштерін талдау

Көрсеткіштер	Кезең			Ауытқуы (+/-)	
	2015	2016	2017	2016/2017	2015/2017
Өткізуден түскен табыс	28637,2	34468,3	42215,5	-	-
Өзіндік құн	26242,7	30904,4	38921,8	-	-
Жалпы табыс	2394,5	3563,9	3293,7	-	-
Актив	7605,8	8507,3	9878,2	-	-
Айналым капитал	5424,9	5944,7	3703,9	-	-
ТМҚ	2720,3	2989,3	2155,2	-	-
Дебиторлық берешек	1954,2	2056,9	1114,2	-	-
Негізгі құралдар	2130,6	2506,6	6116,7	-	-
Кредиторлық берешек	164,3	190,4	124,6	-	-
Меншікті капитал	794,4	-665,3	4019,8	-	-
Айналым капиталының айналымдылық коэффициенті	0,441	0,600	0,889	0,290	0,448
Айналым капиталдың айналым кезеңі, күн	815,6	600,5	404,8	-195,7	-410,8
Активтердің айналымдылық коэффициенті	3,765	4,052	4,274	0,222	0,508
Дебиторлық берешектің айналымдылығы	14,654	16,757	37,889	21,131	23,234
Кредиторлық берешектің айналымдылығы	159,724	162,313	312,374	150,061	152,650
Материалды-өндірістік қорлардың айналымдылығы	9,647	10,338	18,059	7,721	8,412
Негізгі құралдардың айналымдылығы	13,441	13,751	6,902	-6,849	-6,539
Меншікті капиталдың айналымдылығы	36,049	-51,809	10,502	62,311	-25,547
Ескерту - авторлар құрастырды[16] көзі негізінде					

Іскерлік белсенділік көрсеткіштерге тоқталып кетейік.

Активтер айналымдылығының коэффициенті – кәсіпорынның барлық ресурстарын тиімді пайдалануын сипаттайды, яғни табыс түрінде сәйкес нәтиже беретін өндіріс және айналым кезеңі ішінде неше рет жасалғанын немесе активтердің әрбір ақшалай бірлігі айналысқа шығарылған өнім бірлігі қанша екенін көрсетеді. Бұл коэффициент саладан тәуелсіз өндірістік үрдістің ерекшелігін көрсете отырып өзгереді. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС

есепті кезеңде активтердің айналымдық коэффициенті 3,765-тен 4,274-ге дейін өсті.

Айналым капиталдың айналымдық коэффициенті кәсіпорынның барлық мобильді құралдардың айналым жылдамдығын көрсетеді. 2015-2017 жж. арасында кәсіпорында айналым жылдамдығы 0,441-ден 0,889-ға дейін өсті, сәйкесінше айналым ұзақтығы да 2 есе шамасына қысқарған еді, яғни 2015 жылда бір цикл 815,6 күнді құраса, 2017 жылы 404,8 күнге дейін қысқарды. Сонда бір жыл ішінде активтердің 1 тенге 0,889 айналым жасайды.

Дебиторлық берешек айналымдылығының коффициенті бойынша орташа алғанда дебиторлық берешек есеп беру кезеңінің ішінде ақшалай қаражаттарға неше рет айналғанын түсіндіреді. Коэффициент өнімді айналысқа шығарудан өткен қолма-қол ақшадан таза дебиторлық берешектің орташа жылдық құнына бөлу тәсілімен есептеледі. Есепті кезеңде дебиторлық берешектің айналымдық коэффициенті 37,889 дейін көтерілді, яғни «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қарыз қайтару мерзімінің өсуін көрсетеді.

Кредиторлық берешек айналымдылығының коэффициенті айналысқа шығарылған өнімнің өзіндік құнын кредиторлық берешектің орташа жылдық құнына бөлумен анықталады және оған қойылған төлем үшін компанияға қанша айналым талап етілетінін көрсетеді. 2017 жылы кәсіпорында кредиторлық берешек айналымдылығы +150,65-ке өсті, бұл кредиторлармен қарызды қайтару мерзімінің өсуін көрсетіп, несиелік берешекті арзан қаржылық ресурстар көзі ретінде қолданылады.

Материалды – өндірістік қорлар айналымдылығының коэффициенттері осы қорларды айналысқа шығару жылдамдығын көрсетеді. Ол айналысқа шығарылған өнімдердің өзіндік құнын материалды – өндірістік қорлардың орташа жылдық құнына бөлу арқылы есептеледі. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қорларды айналысқа шығу жылдамдығы есепті кезеңде 18,059 құраған еді, өсу қарқыны байқалады. Сонда, қорлар айналымдылығының көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, соғұрлым айналым құралдары өтімді құрылымға ие және айналымдылықтың қаржылық жағдайы тұрақты және компанияның пассивтерінде мәнді берешектері бар болғанда шығындардың төмендеуін көрсетеді.

Негізгі құрадардың айналымдылығының коэффициенті (немесе қор қайтару) айналысқа шығарылған өнім көлемін негізгі құралдардың орташа жылдық құнына бөлумен есептеледі. Қор қайтару неғұрлым жоғары болса, соғұрлым есептік кезеңнің шығындары төмен. Кәсіпорында есепті кезеңде негізгі құралдардың айналымдылығы 13,441-дан 6,902-ға дейін кеміді, яғни айналысқа шығару көлемінің жеткіліксіздігін немесе активтердің осы түрлеріне салынған салымдардың өте жоғары деңгейін көрсетеді.

Меншікті капитал айналымдылығының коэффициенті айналысқа шығарылған өнім көлемін меншіктік капиталдың орташа жылдық құнына бөлу арқылы есептеледі. Бұл көрсеткіш қызметтің әр түрлі аспектілерін сипаттайды: коммерциялық көзқарасы бойынша ол сатулардың артығын немесе жеткіліксіздігін көрсетеді. Экономикалық көзқарасы бойынша салымшы тәуекелге баратын ақшалай қаражаттардың белсенділігін, ал қаржылық

көзқарас бойынша салынған капитал айналымының жылдамдығын білдіреді. Егер ол өте жоғары болса, бұл өзімен бірге несиелік ресурстардың ұлғаюына және компания иелеріне қарағанда кредиторлар істе көп қатыса бастайтын шекке жету мүмкіншілігіне алып келеді. Бұл жағдайда міндеттемелердің меншіктік капиталға қатынасы ұлғаяды, сондай-ақ кредиторлар тәуекелі өседі және компания табыстардың азаюына немесе бағалардың төмендеуіне негізделген күрделі қиындықтарға ұшырауы мүмкін. Төмен көрсеткіш меншіктік құралдар бөлігінің әрекетсіздігін білдіреді. Бұл жағдайда меншіктік капитал айналымдығының көрсеткіші меншіктік құралдарды басқа табыс көздеріне салу қажеттілігін көрсетеді. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС меншікті капитал айналымдылығы 2017 жылы 10,502 тең болды, яғни есепті кезеңде көрсеткіш төмендеді, бұл айналысқа шығарылған капитал деңгейінің қысқарғанын көрсетеді.

Рентабельдік көрсеткіштері кәсіпорынның қызмет ету тиімділігін, яғни әртүрлі бағыттардағы табыстылықты сипаттайды. Олар пайдаға қарағанда шаруашылық қызметтің соңғы нәтижелерін сипаттайды, себебі қолма-қол ақшамен немесе қолданылған ресурстармен эффект қатынасын көрсетеді. Бұл көрсеткіштер кәсіпорынның қызметін бағалау үшін қолданылады.

2015-2017 жж. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-тің қызмет нәтижелері бойынша рентабельдік көрсеткіштері төменгі кестеде көрсетілген.

15-кесте – 2015-2017жж. рентабельдік көрсеткіштерін талдау

Көрсеткіштер	Кезең			Ауытқуы (+/-)	
	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2016/2017	2015/2017
Өткізуден түскен табыс	28637,2	34468,3	42215,5	-	-
Таза пайда	1010,4	1412,9	773,9	-	-
Меншікті капитал	794,4	-665,3	4019,8	-	-
Активтер	7605,8	8507,3	9878,2	-	-
Активтердің тиімділігі	0,133	0,166	0,078	-0,088	-0,055
Сату рентабельдігі	0,035	0,041	0,018	-0,023	-0,017
Меншікті капиталдың тиімділігі	1,272	-2,124	0,193	2,316	-1,079
Ескерту - авторлар құрастырды[16] көзі негізінде					

Кәсіпорынның активтер тиімділігі компанияға пайданың бір ақшалық бірлігін алу үшін қанша ақшалай бірлік қажет болғанын көрсетеді. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды индикаторларының бірі болып табылады. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС активтер тиімділігінің кему қарқыны байқалып тұр, 2017 жылы активке салынған әр 1 тенгесі 0,078 тенге көлемінде пайда әкеледі, яғни кәсіпорын активтерді тиімсіз қолданады.

Сату рентабельдігі 2015 жылы 0,035-ке тең болды, ал 2016 жылы 0,06-ға өсіп, 0,041-ді құрады, яғни бұл компания өніміне сұраныстың өсуін көрсетеді. Ал 2017 жылы бұл көрсеткіш 0,023-ке төмендеп, 0,018-ге тең болды. Сонда

2016 жылы компания өткізілген өнімнің 1 тенгесіне 0,041 тенге алса, 2017 жылы 0,018 тенге алған еді.

Меншікті капитал рентабельдігі 2016 жылы -2,124-ке тең болды, ал 2017 жылы 0,193-ке дейін өсті. Есепті жылы компания меншікті капитал көлемінің есебінен өткен жылдың залалын өтеп, өз көлемін өсірді. Бірақ та, рентабельдіктің төмен мәндері өндіріске меншікті құралдарын салу тиімділігі жоғары емес екенін көрсетеді.

Сонымен, соңғы кездері «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС рентальдік көрсеткіштері төмен деңгейде тұр, бұл кәсіпорынның қызмет тиімділігін жағымсыз жақтан сипаттайды. Бұл жағдай 2014 жылы компаниямен алған залалдардың есебінен, және де сұраныстың төмендеуінен болуы мүмкін.

Қорыта келе, «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қызметін қаржылық талдау негізінде келесі тенденцияларды бөліп көрсетуге болады:

- айналымнан тыс активтердің өсу қарқыны ағымды активтердің өсу қарқынынан жоғары;
- меншікті капитал 50%-дан төмен;
- есепті үш жыл ішінде баланс валютасының өсуі;
- заемдық капиталдың өсу қарқыны меншікті капиталдың өсу қарқынынан төмен;
- кәсіпорын балансы абсолютті өтімді емес;
- компанияның қызметі 40,7%-ы меншікті қаражат арқылы қаржыладырылады.

3 «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

3.1 Компанияның банкроттық ұшырау ықтималдығын бағалау

Қалыптасқан бәсекелестік жағдайында кәсіпкерлік қызмет әртүрлі белгісіз факторлардың әсеріне тәуелді болады, бұл күтілетін нәтижеге кері әсер етуі мүмкін. Сол себептен компания үшін банкроттық ықтимал дәрежесін алдын-ала білу, нәтижелі және тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

«Оңалту және банкроттық» ҚР Заңына сәйкес «Банкроттық – бұл сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болатын қарызгердің дәрменсіздігі» [19].

Қаржылық дәрменсіздік міндеттердің өтімді активтерден артуы кезінде пайда болады. Ол бюджет, банк, жеткізушілер мен басқа контрагенттер алдында мерзімі өткен міндеттемелердің бар болуы кезінде айқындалады[20]. Қаржылық дәрменсіздік кәсіпорынның қаржыландыру мен несиелендіру бойынша жүргізілген қанағатсыз жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Қаржылық талдаудың негізгі мақсаттарының бірі - бұл өз уақытында кәсіпорынның банкроттыққа ұшырауын анықтау [21]. Кәсіпорынның банкроттығы ағымдағы оперативті қызметті қаржыландыруға және міндетті міндеттемелерді жабуға мүмкіндігі жоқтығымен түсіндіріледі. Банкроттық кәсіпорын капиталының экономикалық механизмнің бақылаусыз дамудан және оның қаржылық саясатының бағалаудың тиімсіздігінің қорытындысы болып табылады[22].

Егер де төлемдер бойынша кредитордың қолдануға түскен үш айлық мерзімде талаптары орындалмаса, онда банкроттық жағдайдың сыртқы белгісі ретінде ұсынылған ағымдағы төлемдері болып саналады. Банкроттық факті арбитраждық сот арқылы танылады [23]. Берілген құжат негізінде әрбір орындалмаған мемлекеттік міндеттемелер, берешек көлемі және оның шығу мерзімдері анықталады.

Бақылау кезінде келесідей факторларды есепке алған жөн, олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын куәландырады [24]:

- негізгі шаруашылық қызметтің шығындары;
- айналым құралдарының жетіспеуі;
- коммерциялық несиені алудағы қиындықтар;
- шаруашылық операциялардан ақша қаражат түсімдердің азаюы;
- міндеттемелерді жабуға қабілетсіздігі.

Қаржылық тұрақтылықтын параметрлерін анықтау үшін, банкроттық белгілердің танылуы үшін әрбір кезекті құрылған бухгалтерлік баланста келесідей есеп айырысуларды таңдауды қажет етеді:

- кәсіпорынның барлық активтеріне таза пайдасы (айналымнан тыс, айналымды);
- барлық активтердің көлеміне айналымды активтері;
- барлық пассивтер (міндеттемелер) актив көлемі (құралдар);

- барлық міндеттемелер бойынша негізгі қызметтен түскен қолма-қол ақша қаражаты;
- таза пайда қосылған несие пайызы және несие пайызы;
- меншікті құрал сомасына заем құралдың мөлшері;
- қор құнына меншікті айналым құралдары [25].

Компанияда банкроттық келесі факторлардың әсерінен пайда болады:
- қаржылық капиталмен тиімсіз басқару;
- қаржылық тәуелсіздікті жоғалтуы, яғни заемдық капиталдың меншікті капиталдан артуы;
- мерзімнен өткен дебиторлық берешектің бар болуы;
- өндірістің төмен рентабельдігі;
- сату көлемінің төмендеуі.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қаржылық қызметін талдау мен бағалау кезінде келесі нәтижелер алынды:
- компанияның мүлік көлемі 1370,9 млн. тенгеге артты;
- дебиторлық берешек 942,7 млн. тенгеге төмендеді;
- кредиторлық берешек көлемі 65,8 млн. тенгеге немесе 34,6%-ға азайды;
- бөлінбеген пайда көлемінің теріс нәтижесі, яғни 773,9 млн. тенге көлеміндегі таза пайда есебінен алдынғы кезеңдердің зияны өтелді;
- қаржылық коэффициенттерді талдау кезінде компания тез арада 3,3% үлесіндегі міндеттемелерді жаба алатынын, қызметтің 40,7%-ы ғана меншікті құралдарға тәуелді екенін, тәуелділік көрсеткіштің тым жоғары мәні, компанияның қаржылық тұрақтылығының нашарлануы мен өзінің қаржылық тәуелсіздігін жоғалту мүмкіндігін көрсетті.

Компанияның банкроттық ықтималдығын болжау үшін батыс экономистердің үлгілерін қолдануға болады, олар Э. Альтман, Таффлер, Лис, т.с.с. Олар өз үлгілерін көпөлшемді дискриминанттық талдау негізінде жасады.

Профессор Э.Альтман өз үлгісін 1968 жылы мультипликативті дискриминантық талдау көмегімен ашты, ол шаруашылық субъектілер арасында әлеуетті банкроттарды анықтауға мүмкіндік береді [26]. Үлгі негізінде 5 көрсеткіш жатыр, яғни:

$$Z \text{ шоты} = 1.2X1 + 1.4X2 + 3.3X3 + 0.6X4 + 0.999X5 \qquad (2)$$

Мұнда X1, X2, X3 және X5 көрсеткіштерін кезекпен меншікті айналым капиталының, пайданың, салықты төлеуге дейін пайданың, өнімді өткізуден алынған табыстың активке қатынасы ретінде анықталады. Ал X4 көрсеткіші меншікті және заемдық капиталдың арасында қатынасы ретінде табылады.

Егер Z-шоты 1,8-ден төмен болса, онда компанияның банкроттық ықтималдығы жоғары, 1,9 бен 2,7 арасында болса – банкроттық ықтималдығы орташа, ал 2,8-2,9 арасында – банкроттық ықтималдығы жоғары емес, 3,0-тен жоғары болса, компания банкроттығы өте төмен.

Альтман үлгісі бойынша «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС банкроттыққа ықтималдық деңгейін есептейік.

16-кесте – Альтман үлгісі негізінде банкроттық ықтималдығының диагностикасы

Атауы		2015	2016	2017
Меншікті айналым капиталы / актив	X1	-0,182	-0,379	-0,022
Бөлінбеген пайда / актив	X2	0,058	-0,120	0,003
Салық салуға дейінгі пайда / актив	X3	0,133	0,166	0,008
Меншікті капитал / заемдық капитал	X4	0,117	-0,073	0,686
Өткізілген өнім сатудан табыс / актив	X5	3,765	4,052	0,427
Zшоты =1.2X1 + 1.4X2 + 3.3X3 + 0.6X4 + 0.999X5		4,132	3,929	0,842
Банкрот ықтималдығы		> 3.0	> 3.0	< 1.8
Ескерту -авторлар құрастырды[16] көзі негізінде				

Кестеден көріп отырғанымыздай, компанияның 2015-2016 жылдар нәтижесінде банкроттық ықтималдығы төмен деңгейде болды, ал 2017 жылдың қорытындысы бойынша компанияның банкроттыққа ұшырау қауіпі өте жоғары болып тұр.

Енді компания мәліметтері негізінде Таффлер-Тишоу үлгісі бойынша банкроттық ықтималдығын қарастырып өтейік. Бұл модель 1977 жылы ағылшын экономистермен шығарылған еді [27]. Оның негізінде 4 фактор жатыр. Таффлер-Тишоу үлгісі:

$$Z = 0.53X1 + 0.13X2 + 0.18X3 + 0.16X4 \qquad (3)$$

Мұндағы:

X1 – салық салуға дейін табыс қысқамерзімді міндеттемеге қатынасы, яғни ішкі қаржыландыру көздері есебінен міндеттемелерді орындау дәрежесін көрсетеді;

X2 – қысқамерзімді активтердің міндеттемелердің жалпы сомасын қатынасы, яғни айналым капиталдың жағдайын сипаттайды;

X3 – қысқамерзімді міндеттемелердің активтерге қатынасы, бұл қаржылық тәуекелдердің көрсеткіші;

X4 – сатудан түскен табыстың активтерге қатынасы, бұл міндеттемелер бойынша компанияның төлеу қабілетін көрсетеді.

Егер Z > 0.3 болса, онда банкроттық ықтималдық деңгейін төмен, ал Z <0.2 шарты орындалса, онда жоғары болады.

Таффлер-Тишоу теңдігінде X1 басты көрсеткіш болып табылады, және де үлгінің болжамдық қабілеті Альтман үлгісіне қарағанда төменірек болып саналады.

Төменгі кестеде Таффлер-Тишоу үлгісі бойынша «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» компанияның банкроттық ықтималдығы есептелінген.

17-кесте – Таффлер-Тишоу үлгісі бойынша есебі

Атауы		2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Салық салуға дейінгі пайда / қысқа мерзімі міндеттемелер	X1	0,1483	0,1540	0,1321
Қысқа мерзімді активтер / міндеттемелер	X2	0,7964	0,6481	0,6322
Қысқа мерзімді міндеттемелер / актив	X3	0,8956	1,0782	0,0593
Өткізуден түскен табыс / актив	X4	3,7652	4,0516	0,4274
Z = 0.53X1 + 0.13X2 + 0.18X3 + 0.16X4		0,9458	1,0082	0,2313
Банкроттық ықтималдығы		>0.3	>0.3	0.3><0.2
Ескерту -авторлар құрастырды[16] көзі негізінде				

Кесте мәліметтерінен көріп тұрғандай, 2015-2017 жылдар арасында компанияның банкроттыққа ұшырау қауіпі төмен, бірақта 2017 жылдың мәні 0,23 критикалық мәнге жақын болып тұр, сол себептен банкроттық ықтималдығы бар екенін айтуға болады.

Енді біздің экономикалық жағдайына жақын үлгіні қарастырып өтейік.

Беликов-Давыдова үлгісі 1998 жылы жарыққа шыққан еді [28]. Модель 4 коэффициенттен тұрады. Оның үлгісі келесі түрде:

$$Z = 8.38*K1 + 1*K2 + 0.054*K3 + 0.63*K4 \qquad (4)$$

Көріп тұрғандай регрессионды формулада К1 коэффиценті басты болып табылады, себебі оның салмағы 8,38-ге тең. Бұл үлгі де Альтман моделінің негізінде құрастырылған.

Берілген үлгі бойынша кәсіпорын келесі түрде бағаланады:

- Егер Z<0 болса, онда банкрот ықтималдығы максималды (90-100%)
- 0<Z<0.18 болса, онда банкроттық деңгейі жоғары (60-80%)
- 0.18<Z<0.32 болса, онда банкрот тәуекелі орташа (35-50%)
- 0.32<Z<0.42 болса, онда банкроттық ықтималдығы төмен (15-20%)
- Z>0.42 жоғары болса, онда банкроттық деңгейі минималды (0-10%)болады.

Төменгі кестеде «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-нің «Беликов-Давыдова» үлгісі бойынша банкроттыққа ықтималдығы есептелген.

18-кесте – Беликов-Давыдова үлгісі

	Атауы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
К1	Қысқамерзімді активтер / актив	0,713	0,699	0,037
К2	Таза пайда / меншікті капитал	1,272	-2,124	0,193
К3	Өткізуден түскен табыс / активтер	3,765	4,052	0,427
К4	Таза пайда / өзіндік құн	0,039	0,046	0,020
	Z = 8.38*K1+1*K2+0.054*K3+0.63*K4	7,477	3,980	0,542
	Банкрот ықтималдығы	>0.42	>0.42	>0.42
Ескерту -авторлар құрастырды[16] көзі негізінде				

Жүргізілген бағалау негізінде компания 2015-2017 жж. аралығында банкроттық ықтималдықтың төмен дәрежесіне ие болып тұр.

Енді «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қызметі негізінде есептелінген банкроттыққа ұшырау ықтималдық көрсеткіштерін бір-бірімен салыстырып өтейік, ол үшін келесі 19-шы кестені құраймыз.

19-кесте – «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қызметін банкроттыққа бағалау нәтижелері

	Э. Альтман үлгісі		Таффлер-Тишоу үлгісі		Беликов-Давыдова үлгісі	
	мәні	нәтижесі	мәні	нәтижесі	мәні	нәтижесі
2015	4,132	Өте төмен	0,9458	Төмен	7,477	Өте төмен
2016	3,929	Өте төмен	1,0082	Төмен	3,980	Өте төмен
2017	0,842	жоғары	0,2313	Төмен	0,542	Өте төмен
Ескерту:авторлар құрастырды						

Қарастырылған 3 жыл ішінде компанияның қаржылық қызметі негізінде 2015-2016 жж. банкроттыққа ұшырау ықтималдығы барлық модельдер бойынша «төмен» деңгейінде, ал 2017 жылда Альтман үлгісі бойынша ғана «жоғары» бағаға ие болды. Есеп нәтижесінде әртүрлі көрсеткіштер алынған еді. Бұл жағдайды әр түрлі кезеңдерде әртүрлі ғалымдармен өз елдің экономикасына сәйкес модельдің құрылғанымен түсіндіруге болады. Сонда қазақстандық экономикасына жақын шарттарына «Беликов-Давыдова» үлгісінің нәтижелерін алуға болады, бірақ та олар бәрі Альтман теңдеуінен шыққан туындылар екенін де ұмытпау керек.

Қорыта келе, жоғарыда жүргізілген нәтижелері бойынша «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС банкроттыққа ұшырау тәуекелі бар болғандықтан, оны болдырмау үшін компания басқармасы қаржылық қызметті тұрақтындыру мен жақсарту бойынша шараларды қолдану қажет.

3.2 Кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсарту жолдары

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» компаниясы ірі сауда маркісінің ресми дилері болғандықтан, оның қызметін тұрақтандыру мен жетілдіру үшін алдымен басқару стратегиясының даму бағыттарын айқындау қажет. Осы мақсатта компанияның ортасын талдаудың басты әдісі ретінде SWOT талдауы қолданылады. Бұл әдіс арқылы компанияның күшті мен әлсіз жақтардың арасында, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері арасында байланыстарды орнатуға болады [29]. Бұл байланыстар келешекте даму стратегиясын құрастыруда қолданады. Төменгі 20-шы кестеде компанияның SWOT талдау жүргізілген еді.

Жүргізілген SWOT талдау нәтижесінде компания үшін ең тиімдісі бұл маркетингтік қызметті жақсартуға, нарық үлесін кеңейтуге, көлікті сату бойынша жаңа бағыттарды ендіруге назар аудару қажет.

20-кесте - «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қызметіне SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- Қызметтердің кең таңдауы; - Жоғары танымалдығы; - Көлікке тапсырыс беру мүмкіндігі; - Жабдықтардың кең ауқымы көлік бағасын өзгертуге мүмкіндік беруі; - Несие бағдарламалар мен сақтандыру шарттардың кең таңдауы; - Сервистің жоғары деңгейі; - Басқарудың тиімді жүйесі; - Персоналдың жоғары біліктілігі.	- Toyota стандарттардың қатал шектері; - жөндеу алаңдары үлкен емес; - бөлімдер арасында әлсіз құжатайналым жүйесі.
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатерлер
- арнайы шарттарда жеңілдіктер жүйесі; - персоналды ынталандыру жүйесі; - жоғары технологиясы бар салондар желісін ашу;	- Кедендік баждардың өсуі; - Көлік нарығының қанығуы; - Бәсекелестіктің жоғарылауы; - Валюта бағамының өзгеруі; - несие ставкалардың өсуі; - экономикалық дағдарыс, халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуі, инфляция.
Ескерту: авторлармен құрастырылды	

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-ке әлсіз жақтарды жою үшін келесі ұсыныстар жасауға болады:

- маркетингтік саясаттың жаңа әдістерін қолдану, мәселен, әлеуметтік желілерді сату алаңы ретінде қолдану, байқауларды, акцияларды жүргізу, автосалонный мобильдік қосымшасын құру, т.б.;

- клиенттерді тарту үшін жаңа қызметтердің мүмкіндіктерін сапалы қолдану, мысалы, мобильдік қосымша арқылы сервистік қызметті жедел алуға, техникалық байқауға алдын ала жазылуға, сақтандыру полисін рәсімдеуге, т.б.;

- клиент ағынның үздіксіздігі мен көлемін қамтамасыз ету үшін жөндеу алаңдарын кеңейту;

- клиенттермен жұмыс істеу уақытын ұзарту үшін көлікті сатып алу құжаттарын рәсімдеу үрдісін орталықтандыру, яғни компания үшін ортақ сервистік бағдарламаны құру, сонда бөлімдер арасында құжаттарды тасу уақыты қысқарып, үнемделген уақыт клиенттерге жұмсалады.

Аталған ұсыныстарды іске асыру үшін компанияға қосымша қаражат көздері талап етіледі. Бұл қаражатты келесі көздерден алуға болады:

- амортизацялық аударымдар;
- ағымды жылдағы пайданың бір бөлігі;
- ТМҚ қалыптастыруға бағытталған айналым құралдардың бір бөлігі;
- айналымнан тыс активтерді қалыпта ұстауға бағытталған құралдар.

Компанияның қаржылық жағдайын бағалау кезінде қаржылық тұрақтылықтың әлсізденуі байқалған еді, яғни қысқа мерзімді міндеттемелерді жабу үшін тез өтімді активтердің жеткіліксіздігі, дебиторлық берешектің үлкен үлесі, мүлікті қалыптастыру көздерінде қарыздық қаражаттар үлесінің өсуі, т.б.

Сонда, қалыптасқан қаржылық тұрақсыздығының әсерінен компанияға қызметті жақсарту бойынша шаралар кешенін жүргізу қажет.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіру мақсатында келесі шараларды ұсынуға болады:

- меншікті капиталдың көлемін өсіру қажет, бірақ та есепті кезеңде компания алған пайда көлемін толығымен алдыңғы кезеңде болған залалды өтеу үшін жібереді, сол себептен меншікті қаражат көлемі өспейді;
- меншікті айналым капиталды ұлғайту, ол үшін көрсетілетін қызметтер көлемін өсіру немесе жаңа қызметтерді ұсыну, сонымен бірге тиімді басқару негізінде (жаңа маркетингтік саясат) алынатын пайданы арттыру керек.
- кредиторлық берешекті қайтару мерзімін ұзарту негізінде қысқа мерзімді несие алуға қажеттілігін төмендетуге болады;
- пайда көлемін өсіру үшін сату көлемін арттыру қажет, бұл ең алдымен, ыңғайлы және қолайлы несиелендіру жүйесін енгізу (тиімді % ставкасы, жарна көлемінің аздығы, екі көлік алып % ставкасын 1,5 есе қысқарту, т.с.с.), нәтижесінде сатулар көбейіп, компанияның меншікті қаражатты өседі, яғни қаржылық тәуелсіздік дәрежесі артады;
- қосымша табысты алу үшін бөлінбеген пайда есебінен қысқамерзімді қаржылық салымдарды жүргізу;
- дебиторлық берешекті басқару қажет.

Кәсіпорынның дебиторлық берешегін басқару мен бақылау негізінде қаржылық қызметті жақсартуға болады. Дебиторлық берешек бұл кредиторлық берешекті жабу көзі. Егер де компанияда сатып алушылар мен тапсырыс берушілермен есеп айырысу уақытында қайтарылмаса, онда компания ақша қаражаттардың тапшылығына тап болады, ал бұл кредиторлық берешектің құрылуына, бюджет пен жұмысшылар алдында берешектердің пайда болуына әкеледі [30].

Келісімшарт міндеттерін бұзу мен жеткізушілермен уақытында есеп айырысуды жасамау компанияның іскерлік беделін жоғалтуға және төлемқабілетсіздігіне әкелуі мүмкін.

Жоғарыдағы талдау кезінде «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС есепті кезеңде дебиторлық берешегі 2 есе төмендеп, бір айналым ұзақтығы 21,5 күннен 9,5 күнге дейін қысқарды. Осы тенденцияны сақтау немесе жақсарту үшін дебиторлық қарызды басқару саясатын әрдайым жетілдіру қажет.

Компанияда дебиторлық берешекті басқару бойынша шаралар төменгі 21-ші кестеде көрсетілген.

Сонда дебиторлық берешекті басқару бойынша жауапкершілік оперативті, қаржылық және заңды қызметтердің арасында бөлінеді, яғни міндеттерді бөлу сызбасы келесі түрде құрастырылған: оперативті бөлім құжаттарды рәсімдейді, тапсырыс берушілермен келіссөздер жүргізеді, қаржылық бөлімі ақпараттық және аналитикалық қолдауды жүргізеді, ал заңгер құқықтық қолдауды қамтамасыз етеді.

21-кесте - «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС дебиторлық берешекті басқару механизмі

Дебиторлық берешекті басқару кезеңі	Шаралар	Жауапты тұлға
Төлем мерзімі келмеген	Келісімшартты бекіту, тапсырысты рәсімдеу бойынша қызметті көрсету	Маркетинг бөлімі
	Төлем мерзіміне дейін 2-3 күнде дебиторға төлем туралы ескерту үшін телефон соғу	
	Жеткізушілерден шот-фактураны алуды бақылау, берілген шоттар бойынша төлемдердің түсуін тексеру	бухгалтерия
45 күнге дейін төлемді төлемеу	Уақытында төлемеу үшін: себептерін білу үшін телефон соғу, төлем графигін құру	Менеджер
45 күннен 90 күнге дейін	Арбитраждық сот алдындағы ескерту жасау	заңгер
90 күннен 180 күнге дейін		
	Жауапты тұлғалармен күнделікті келіссөздер жүргізу	Маркетинг бөлімінің басшысы
180 күннен астам	Ресми талап қою	заңгер
	Арбитраждық сотқа иск беру	
Ескерту: авторлар құрастырды		

Дебиторлық қарызды тиімді басқаруға және қосымша айналым қаражатты алуға мүмкіндік беретін ішкі резервтер мен механизмдер бар.

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС дебиторлық қарызды тиімді басқару үшін келесі ұсыныстарды орындау қажет:

- клиенттермен есеп айырысу жағдайын бақылау мен мерзімде талап-арызды сотқа беру;
- біреумен немесе бірнеше тұтынушылармен төлемеу тәуекелін төмендету мақсатында тапсырыс берушілердің көп санына бағытталуға;
- кредиторлық және дебиторлық берешектің сәйкестілігіне қадағалау жасау.

Қорыта келе, компанияда ақша қаражаттардың үлесі аз болғандықтан, компанияның иелігінде бар тез өтімді активтердің қатарында дебиторлық берешек болуы қажет. Бұл компанияның міндеттерін өтеуге, айналым құралдарды артыруға, қосымша пайда алуға, яғни қаржылық жағдайды жетілдіруге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кәсіпорын табысты қызмет ету үшін кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау мен бағалауды әрдайым жүргізу қажет. Қызметтегі ауытқулар себептері қаншалықты ерте анықталса, соншалықты кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелі болады. Дипломдық жобада осы мәселені қарастыру барысында келесі нәтижелер алынды:

1. Қаржылық жағдайды талдау – бұл кез-келген кәсіпорынды басқарудың құрамдас бөлігі. Қаржылық талдаудың басты мақсаты кәсіпорынның қаржылық жағдайдың объективті және нақты көрінісін беретін басты көрсеткіштерді алу болып табылады. Талдау кезінде көрсеткіштердің есебі емес, алынған нәтижелерді түсініп, басқарушылық шешіммдерді қабылдауда тиімді қолдануы маңызды.

2. Кәсіпорынның қаржылық талдауын жүргізудің ақпараттық көзі қаржылық есептіліктің мәліметтері болып табылады, олар: бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есеп, ақша қозғалысының есебі. Мәліметтер негізінде кәсіпорын мүлігінің құрамы және құрылымы, қалыптасу көздері, өтімділік, рентабелдік, іскерлік белсенділік пен қаржылық тұрақтылық анықталады.

3. «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС қазақстандық нарықта 2003 жылдан бастап қызмет етеді. Ол Toyota маркісінің ресми дилері болып табылады. Компанияда 3 автосалон бар: Жетісу, Атырау және Lexus. Компания автокөлік нарығының 2,8%-ын алады. Персоналдар саны – 219 адам. 2017 жылы сату көлемі 9% шамасына төмендеді.

4. Компанияның мүлігін талдау кезінде 2017 жылы олардың көлемі 16,1%-ға өсті, бұл ұзақ мерзімді активтердің 140,9%-ға өсу әсерінен болды. Қысқа мерзімді активтер керісінше 37,7%-ға төмендеді, бұл ақша қаражаттардың 71,1%-ға, ТМҚ-дың 27,9%-ға және дебиторлық берешектің 45,8%-ға төмендеуінен болды. Жалпы 2015-2017 жылдар ішінде активтер 29,9%-ға артты. Мүлікті құру көздерінің ішінде есепті кезеңде капиталдың көлемі өзгеріссіз қалды, бөлінбеген пайда теріс мәнге ие, себебі компаниямен алынған пайда өткен кезеңнің зиянын жабуға кетті. Қысқа мерзімді міндеттемелер 36,1% азайды, яғни несие 36,4%-ға және кредиторлық берешек 34,6%-ға төмендеді.

5. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС қызмет нәтижесінде 2017 жылы 42215,5 млн. тенге көлемінде өнім өткізуден табыс алды. Есепті үш жыл ішінде 47,4%-ға өсті. Таза пайда көлемі 45,2%-ға төмендеп, 773,9 млн. тенгені құраған еді.

6. Компанияның балансы абсолютті өтімді емес, өйткені тез өтімді активтер көлемі қысқа мерзімді міндеттемелер көлемінен аз. 2017 жылы абсолютті өтімділік көрсеткіші тез арадағы міндеттемелердің 3,3%-ын ғана жаба алатынын көрсетті. Аралық өтімділік көрсеткіші қысқа мерзімді міндеттеменің 1 тенгеге 24 тиын келетінін көрсетті. Ағымдағы өтімділіктің мәні қысқа мерзімді міндеттеменің 63,3%-ын өтей алатынын көрсетті.

7. Компанияның қаржылық тұрақтылықты бағалау кезінде автономия көрсеткіші міндеттемелердің 40,7%-ын меншікті қаражаттың есебінен өтеуге болатынын көрсетті. Қаржылық тәуелсіздік көрсеткіші компанияның қызметі заемдық қаражаттар тәуелді екенін көрсеткен еді. Қаржыландыру көрсеткіші меншікті қаражаттың 1 тенгесіне 68 тиын тартылғанын көрсетті. Есепті кезеңде маневрлеу көрсеткіші теріс мәнге ие болған, бұл қажеттілік туындағанда айналым құралдарын меншікті қаражатпн толтыра алмайтынын білдіреді.

8. Компанияның іскерлік белсенділігін талдауы айналым капиталдың айналым жылдамдығы өскенін және бір циклдің ұзақтығы 2 есе қысқарғанын көрсетті. Бір жылда активтердің бір тенгесі 0,889 айналымды жасайды екен.

9. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» компаниясының сату рентабельдігі 0,018 құрап, 2016 жылға қарағанда сұраныстың кемуін көрсетті, яғни өткізілген өнімнің әр 1 тенгеге 1,8 тиын алған еді. Активтердің рентабельдігі 7,8 тиын көлемінде пайда әкелетінін көрсетті, бұл компаниямен активтерді тиімсіз қолдануын сипаттайды.

10. Компанияның қаржылық қызметін бағалау кезінде банкроттыққа ұшырау тәуекелін анықтау маңызды. Банкроттық ықтималдығын бағалауда Альтман, Таффлер-Тишоу және Беликов-Давыдова модельдері қолданылған еді. Нәтижесінде 2015-2016 жылдарда «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» компанияның банкроттыққа ұшырау тәуекелі төмен болса, 2017 жылы Альтман моделі бойынша тәуекел жоғары (0,842 < 1,8) екенін көрсетті. Банкроттық тәуекелді болдырмау үшін компания қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіріп, қызметті жақсарту жолдарын іздеу қажет.

11. Компанияның күшті және әлсіз жақтарын білу мақсатында SWOT талдау жүргізілген еді. Нәтижесінде ілсіз жақтарды жою бойынша ұсыныстар жасалынды:

- маркетингтің жаңа құралдарын қолдану;
- енгізілген жаңа қызметтердің мүмкіндіктерін тиімді қолдану;
- жөңдеу алағын кеңейту;
- құжаттарды рәсімдеу процесін орталықтандыру.

Берілген шараларды іске асыру үшін қосымша қаржы көздерін амортизациялық аударымдардан, пайданың бір бөлігі, қорларды қалыптастыруға арналған айналым құралдардан, т.б. алуға болады.

12. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» компанияның қызметін бағалау кезінде қаржылық тұрақтылықтың әлсізденуі байқалған болатын, сол себептен оны қалпына келтіру үшін келесі шаралар ұсынылған еді:

- меншікі қаражаттардың көлемін өсіруге;
- меншікті айналым капиталдардың көлемін ұлғайту;
- кредиторлық қарызды қайтару уақытын ұзарту;
- сату көлемін арттыру;
- қосымша пайда алу мақсатында қысқа мерзімді қаржылық салымдарды жүргізу;
- дебиторлық қарызды басқару.

13. Компанияда жоғары өтімді қаражаттардың аз болғандықтан, дебиторлық берешекті уақытында қайтару үшін оны басқаруды тиімді жүргізу қажет. Дебиторлық қарызды басқару бойынша механизмі берілген еді. Компанияда дебиторлық берешекті тиімді басқару бойынша келесі ұсыныстар жасалған:

- клиенттермен есеп айырысуды бақылау және уақытында талап-арызды беру;
- клиенттермен төлемеу әуекелін төмендету үшін тапсырыс берушілердің көп санына бағытталу;
- кредиторлық пен дебиторлық қарыздардың сәйкестілігін қадағалау.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ковалев В. Финансово-хозяйственная деятельность предприятия. – М: ФиС, 2013. – 270 с.

2 Балабанов И. Основы финансового менеджмента. – М: Финансы и статистика, 2014. – 482 с.

3 Шеремет А. Теория экономического анализа. – М: ФиС, 2014. – 430с.

4 Шеремет А., Ионова А. Теория анализа хозяйственной деятельности. – М: ФиС, 2015. – 510с.

5 Дуйсембаев К. Анализ финансового положения предприятия. – А: Экономика, 1998. – 184с.

6 Шишкин А. Учет, анализ, аудит на предприятии. – М: Юнити-Дана, 2015. – 460с.

7 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңы / 2007 жылдың 28 ақпанда №234 Заңы қабылданған

8 Савицкая Г. Анализ хозяйственной деятельности. – М: Инфра-М, 2014. – 288с.

9 Дүйсембаев К. Ш. Қаржы есептілігін талдау – А: Экономика, 2011.

10 Васильева Л. С., Петровская М. В.Финансовый анализ.- М: КНОРУС, 2013. 544 с.

11 Әбдіманапов Ә. Бухгалтерлік есеп теориясы. – А: Еуразия, 2009 -466б.

12 Павлова Л. Финансы предприятий. – М: Дашков и К, 2013. – 320с.

13 Родионова Л. Финансовая устойчивость предприятия в условиях инфляции. – М: Перспектива, 2014. – 180с.

14 http://toyota7su.kz - «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» компаниясының ресми сайты

15 http://forbes.kz – Forbes Kazakhstan бойынша автомобиль рейтингі

16 «TOYOTA TSUSHO KAZAKHSTAN AUTO» ЖШС 2015-2017 жж. қаржылық есептілігі

17 Демісенов Т. Қаржылық талдау. – А: Дәуір, 2011. – 320б.

18 Раевский В. Анализ финансово-хозяйсвенной деятельности. – М: ФиС, 2012

19 «Оңалту және банкроттық» ҚР Заңы / 7 наурыз 2014 №176-V

20 Бердникова Т. Анализ и диагности финансово-хозяйственной деятельности предприятия. – М: Инфра-М, 2015. – 224 с.

21 Енюков И. Финансовый анализ хозяйственной деятельности предприятия. – М: ФиС, 2018. – 224 с.

22 Темір Қ. Банкроттық кімге пайда, кімге зиян? // Егеменді Қазақстан, 6 ақпан 2019ж.

23 Виноградская Н. Диагности и оптимизация финансово-экономического состояния предриятия. – М: МИС, 2018. – 118 с.

26Бланк И. Финансовый менеджмент. – М: Инфра-М, 2015. – 298с.

27 Григорьева Т. Финансовый анализ для менеджеров: оценка и прогноз. – М: Юрайт, 2016. – 486 с.

28Ефремова А. Методология анализа вероятности банкротства редприятия // Совр. Научные исследования и разработки, 2017. - №1(9) – С.72-75

29 Учитель Ю. SWOTанализ и синтез – основа формирования стратегии организации. – М: Юнити, 2014. – 328 с.

30 Ковалев В. Финансовый учет и анализ. – М: ФиС, 2014. – 720 с.

ҚОСЫМШАЛАР

Наименование организации	**ТОО "Toyota Tsusho Kazakhstan Auto" (Тойота Тсушо Казахстан Авто)**
БИН организации	**040 640 007 075**
Сведения о реорганизации	
Вид деятельности организации	**45112**
Организационно-правовая форма	**Частная**
Форма отчетности	**Годовая**
Среднегодовая численность работников	**219** чел.
Субъект предпринимательства	**Крупного**
Юридический адрес организации	**г. Алматы, ул. Ташкентская, 505**

БУХГАЛТЕРСКИЙ БАЛАНС
по состоянию на 31.12.2017 года

Активы	**Код стр.**	**На конец отчетного периода**	**На начало отчетного периода**
I. Краткосрочные активы			
Денежные средства и их эквиваленты	010	194 160 654	671 778 988
Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи	011		
Производные финансовые инструменты	012		
Финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли и убытки	013		
Финансовые активы, удерживаемые до погашения	014		
Прочие краткосрочные финансовые активы	015		
Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	016	1 114 175 791	2 056 913 588
Текущий подоходный налог	017	104 445 064	128 411 689
Запасы	018	2 155 249 314	2 989 307 387
Прочие краткосрочные активы	019	135 889 250	98 325 603
Итого краткосрочных активов	**100**	**3 703 920 073**	**5 944 737 254**
Активы (или выбывающие группы), предназначеннные для продажи	**101**		
II. Долгосрочные активы			
Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи	110		
Производные финансовые инструменты	111		
Финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли и убытки	112		
Финансовые активы, удерживаемые до погашения	113		
Прочие долгосрочные финансовые активы	114		
Долгосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	115	18 542 817	19 794 165
Инвестиции, учитываемые методом долевого участия	116		
Инвестиционное имущество	117		
Основные средства	118	6 116 719 831	2 506 608 804
Биологические активы	119		
Разведочные и оценочные активы	120		
Нематериальные активы	121	9 138 029	6 273 185
Отложенные налоговые активы	122		
Прочие долгосрочные активы	123	29 875 680	29 875 680

Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 123)	**200**	**6 174 276 357**	**2 562 551 834**
Баланс (строка 100 +строка 101+ строка 200)		**9 878 196 430**	**8 507 289 089**
Обязательство и капитал			
III. Краткосрочные обязательства			
Займы	210	5 300 000 000	8 332 250 000
Производные финансовые инструменты	211		
Прочие краткосрочные финансовые обязательства	212		
Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	213	124 554 699	190 391 173
Краткосрочные резервы	214		
Текущие налоговые обязательства	215	174 931 552	110 430 638
Обязательства по другим налоговым обязательствам	216	11 677 087	10 580 109
Прочие краткосрочные обязательства	217	247 245 441	528 984 882
Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 217)	**300**	**5 858 408 779**	**9 172 636 802**
Обязательства выбывающих групп, предназначенных для продажи	301		
IV. Долгосрочные обязательства	310		
Займы	311		
Производные финансовые инструменты	312		
Прочие долгосрочные финансовые обязательства	313		
Долгосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	314		
Долгосрочные резервы	315		
Отложенные налоговые обязательства	316		
Итого долгосрочные обязательств	**400**	**0**	**0**
V. Капитал			
Уставный (акционерный) капитал	410	356 282 000	356 282 000
Эмиссионный доход	411		
Выкупленные собственные долевые инструменты	412		
Резервы	413	3 911 187 398	0
Нераспределенный доход (непокрытый убыток)	414	-247 681 747	-1 021 629 714
Доля неконтролирующих собственников	421		
Всего капитал (строка 420 +/- строка 421)	**500**	**4 019 787 651**	**-665 347 714**
Баланс (стр. 300 + стр. 400 + стр. 500)		**9 878 196 430**	**8 507 289 089**

Форма 2

Наименование организации **ТОО "Toyota Tsusho Kazakhstan Auto" (Тойота Тсушо Казахстан Авто)**

ОТЧЕТ О ПРИБЫЛЯХ И УБЫТКАХ
за год, заканчивающийся 31 декабря 2017 года

тенге

Наименование показателей	Код строки	За отчетный период	За предыдущий период
1	2	3	4
Доход от реализации продукции и оказания услуг	010	42 215 472 377	34 468 292 407
Себестоимость реализованной продукции и оказанных услуг	020	38 921 782 953	30 904 352 148
Валовая прибыль (стр. 010 - стр. 020)	**030**	**3 293 689 424**	**3 563 940 259**
Доходы от финансирования	040	10 809 580	10 054 017
Прочие доходы	050	1 126 478 954	1 647 427 380
Расходы на реализацию продукции и оказание услуг	060	1 080 503 310	1 071 315 688
Административные расходы	070	1 624 238 578	1 355 850 861
Расходы на финансирование	080	528 859 590	153 195 602
Прочие расходы	090	423 428 515	1 228 154 304
Доля прибыли/убытка организаций, учитываемых по методу долевого участия	100		
Прибыль (убыток) за период от продолжаемой деятельности (стр. 030+стр. 040+стр. 050-стр.060 – стр. 070 - стр.080 - стр. 090+/- стр. 100)	**110**	**773 947 967**	**1 412 905 199**
Прибыль (убыток) от прекращенной деятельности	120		
Прибыль (убыток) до налогообложения (стр.110+/- стр. 120)	**130**	**773 947 967**	**1 412 905 199**
Расходы по корпоративному подоходному налогу	140		
Чистая прибыль (убыток) за период (стр. 130-стр. 140) до вычета доли меньшинства	**150**	**773 947 967**	**1 412 905 199**
Доля меньшинства	160		
Итоговая прибыль (итоговый убыток) за период (стр. 150-стр. 160)	**170**	**773 947 967**	**1 412 905 199**
Прибыль на акцию	180		